Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал

№10(82) (2026 ж. Қазан/Октябрь 2026 г.)

ÚZDIK TÁRBIESHI

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Тәрбиеші – кішкентай тұлғаның үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамына бағыт беруші.

Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту – 11 бет.

Балабақша – тәрбие мен білімнің бастауы - 14 бет.

Тұсаукесер дәстүрі – ұлттық тәрбиенің бастауы – 20 бет.

2–3 жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту - 25 бет.



Жетес Фариза Жетесқызы

Алматы қаласы,
ЖШС «Zerek Bala 1» бөбекжай-балабақшасының директоры

Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал

ÚZDIK TÁRBIESHI

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK TÁRBIESHI» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №10(82) (2026 ж. Қазан) шығарылымы.
Выпуск №10(82) (Октябрь 2026 г.) республиканского информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI».

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ: оқу-әдістемелік ізденістер, ғылыми-тәжірибелік материалдар, инновациялық педагогика және цифрлық технологиялар, тәрбие мен оқытудағы ұлттық құндылықтар, тәрбиеші шеберлігі мен кәсіби даму, психологиялық-педагогикалық қолдау, ақпараттық-сараптамалық материалдар бойынша материалдар жариялау.
ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ: публикация материалов по учебно-методическим изысканиям, научно-практическим материалам, инновационной педагогике и цифровым технологиям, национальным ценностям в воспитании и обучении, профессиональному развитию и мастерству воспитателя, психолого-педагогическому сопровождению, информационно-экспертным материалам.

«ÚZDIK TÁRBIESHI» Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ92VPY00071802 берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.
«ÚZDIK TÁRBIESHI» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал «ÚZDIK TÁRBIESHI» в городе Астана комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 12.06.2023 года № KZ92VPY00071802.
Территория распространения: На территории Казахстана.
Журнал "ÚZDIK TÁRBIESHI" выходит 4 раз в месяц.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

«ÚZDIK TÁRBIESHI» ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Жетес Ф.Ж. «Жас маман (тәрбиешімен) дұрыс жұмыс жасау жолдары» 4

Кунахунова А.А. Ізгі – педагог Ш. А. Амонашвилидің «балаларды калай сүюге болады?» еңбегіне эссе 9

Джаксимбетова Ж.Д. Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту 11

Қырықбай Б.Е. Балабақша – тәрбие мен білімнің бастауы 14

Ескелді Л.М. «ҚАЗАҚСТАН — РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ» 4 жастағы балаларға арналған ашық ұйымдастырылған іс-әрекет 16

Қожан Г.Д. Тұсаукесер дәстүрі – ұлттық тәрбиенің бастауы 20

Тасаева М.А. 2–3 жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту 25

Сдержикова С.Ю. «Говорящая стена, как средство развития познавательной активности и самостоятельности дошкольников» 28

Сүндетова А.С. Ерте жастағы балалардың бойында адамгершілік құндылықтар мен қарапайым әлеуметтік дағдыларды күнделікті ойын әрекеті арқылы қалыптастыру 31

Бердимуратова А.К. «Жас экологтар-табиғатты қорғау» (В.Воскобовичтің күлгін орман ертегісі желісімен) 40

Мауытова Б.М. Мектепалды тобында бес дағдыны кіріктіре дамыту – сапалы білім берудің негізгі тұғыры 42

Онгарбекова А.Т. «Ойнап отырып оқимыз» 44

Кунчекеева Ш.Г. Интерактивті цифрлық платформалар: балабақшада Wordwall мен Heyzine flipbooks сервистерін қолдану мүмкіндіктері 46

Аманғалиева А.Б. «Ертегілер еліне саяхат» (Бауырсақ ертегісі желісімен).. 48

Байтолыкова Б.Е. Сюжеттік-рөлдік ойындардың баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы маңызы 53

Имангалиева А.А. Мектепке дейінгі ұйымдардың әдістемелік қызметін қамтамасыз ету 62

Надырбаева И.С. Балалардың шығармашылығын дамыту – заман талабы .. 64

Сейднурова Ш.А. Мектепке дейінгі тәрбие – білім беру жүйесінің алғашқы сатысы 66

Жетес Фариза Жетесқызы
Директор
ЖШС «Zerek Bala 1» бөбекжай-балабақшасы
Алматы қаласы



«ЖАС МАМАН (ТӘРБИЕШІМЕН) ДҰРЫС ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ»

Кіріспе

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жас мамандарды кәсіби тұрғыдан қолдау, олардың педагогикалық шеберлігін дамыту және ұжымға бейімделуіне жағдай жасау – маңызды міндеттердің бірі. Себебі жас маманның кәсіби қалыптасуы тек теориялық біліммен шектелмейді. Ол күнделікті тәжірибе, тәжірибелі әріптестердің көмегі, әдістемелік қолдау және өзара сенім арқылы жүзеге асады.

Жас маман балабақшаға келген алғашқы кезеңде теориялық білімін тәжірибеде қолдануда, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеруде, оқу-тәрбие үдерісін жоспарлауда және ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнатуда белгілі бір қиындықтарға кездесуі мүмкін. Сондықтан жас маманмен жүргізілетін жұмыс тек кеңес берумен шектелмеуі керек. Ол мақсатты, жүйелі, нәтижеге бағдарланған және жеке кәсіби қажеттіліктерді ескеретін әдістемелік қолдау жүйесі ретінде ұйымдастырылуы тиіс.

Негізгі бөлім

1. Жас маманмен сенімді қарым-қатынас орнату

Кәсіби бейімделу – жас педагогтің жаңа еңбек ортасына, ұжымның кәсіби мәдениетіне, ұйымның талаптарына және педагогикалық қызметтің нақты міндеттеріне үйрену үдерісі.

Бұл кезеңде жас маманның бойында кәсіби сенімсіздік, шешім қабылдаудағы екіұштылық, уақытты тиімді жоспарлаудағы қиындықтар немесе теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға қатысты мәселелер туындауы ықтимал.

Осыған байланысты әдіскер мен тәлімгер жас маманның қажеттіліктерін анықтап, оның кәсіби даму деңгейіне сәйкес жеке қолдау бағытын белгілеуі қажет.

Кәсіби бейімделудің тиімділігін арттыру үшін:

- жас маманның бастапқы кәсіби құзыреттілігін анықтау;
- педагогикалық қиындықтарын жүйелі талдау;
- кәсіби даму мақсатын нақты белгілеу;
- қолжетімді әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету;
- эмоционалдық қолдау мен кәсіби кері байланысты ұйымдастыру маңызды.
- Жас маманды бейімдеу барысында оның кемшіліктерін ғана анықтауға емес, күшті жақтарын танып, дамытуға басымдық берген дұрыс.

2. Тәлімгерлік қызметті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыру

Жас маманға тәжірибелі тәрбиешіні тәлімгер ретінде бекіту – оның кәсіби дамуына ықпал ететін тиімді тәсілдердің бірі. Тәлімгер жас маманның жұмысын бақылап қана қоймай, нақты көмек көрсетіп, тәжірибесімен бөлісуі тиіс.

Тәлімгерлік жұмысты бірнеше бағытта ұйымдастыруға болады:

Диагностикалық бағыт: жас маманның кәсіби қажеттіліктерін, қиындықтарын және даму әлеуетін анықтау.

Әдістемелік бағыт: жоспарлау, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу, ойын технологияларын қолдану және бақылау нәтижелерін талдау бойынша көмек көрсету.

Практикалық бағыт: бірлескен жоспарлау, тәжірибелі педагогтің жұмысын бақылау, өзара сабаққа қатысу және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу.

Рефлексивтік бағыт: жас маманның өз жұмысына талдау жасауына, жетістіктері мен даму қажеттіліктерін анықтауына жағдай жасау.

Мотивациялық бағыт: кәсіби жетістіктерін бағалау, шығармашылық бастамаларын қолдау және өздігінен білім алуына ынталандыру.

Тәлімгердің мақсаты – жас маманның орнына жұмыс істеу емес, оның өз бетінше дұрыс шешім қабылдауына көмектесу.

3. Педагогикалық шеберлігін дамыту

Жас маманның кәсіби шеберлігін арттыру үшін теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру қажет. Ол үшін ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибелі педагогтардың жұмысын бақылау, әдістемелік кеңестер мен семинарларға қатысу пайдалы.

Сонымен қатар жас маманға балалармен ойын арқылы жұмыс жүргізу, көрнекі құралдарды тиімді пайдалану, балалардың қызығушылығын арттыру және әр баланың жеке ерекшелігін ескеру жолдарын көрсету керек.

Жас маманға дайын үлгіні ғана ұсынбай, оның шығармашылық ізденісіне де мүмкіндік берген дұрыс. Бұл оның өзіне деген сенімін арттырып, жаңа идеяларды жүзеге асыруына жол ашады.

Оларды дамытуда дәстүрлі кеңес берумен қатар, белсенді әдістерді қолдану тиімді.

Кейс-әдіс. Жас маманға балабақша тәжірибесінен алынған нақты педагогикалық жағдаят ұсынылады. Мысалы, бала ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысудан бас тартады немесе балалар арасында келіспеушілік туындайды. Жас маман мәселенің себебін анықтап, бірнеше шешім жолын ұсынып, ең тиімдісін негіздейді.

Педагогикалық коучинг. Тәлімгер дайын жауап берудің орнына бағыттаушы сұрақтар қояды: «Қандай нәтижеге жеткің келеді?», «Қандай әдістерді қолданып көрдің?», «Келесі жолы нені өзгертесің?». Бұл жас маманның өз шешімін табуына көмектеседі.

Өзара сабаққа қатысу және талдау. Жас маман тәжірибелі педагогтің жұмысын бақылайды, ал тәлімгер жас маман өткізген іс-әрекетке қатысып, нақты өлшемдер негізінде кері байланыс береді.

Микрооқыту. Жас маман ұйымдастырылған іс-әрекеттің шағын бөлігін әріптестеріне көрсетіп, әдіс-тәсілдерін сынақтан өткізеді. Бұл негізгі іс-әрекетті өткізер алдында сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Рефлексивтік күнделік. Әр өткізілген іс-әрекеттен кейін жас маман үш сұраққа жауап береді: «Не сәтті өтті?», «Қандай қиындық кездесті?», «Келесі жолы нені жетілдіремін?».

Осы әдістердің жүйелі қолданылуы жас маманның кәсіби тәжірибесін саналы түрде жинақтауына және педагогикалық шешімдерінің сапасын арттыруына ықпал етеді.

4. Қателіктермен дұрыс жұмыс жасау

Кәсіби қалыптасу кезеңінде қателіктердің болуы табиғи жағдай. Сондықтан жас маманның кемшіліктерін көпшіліктің алдында сынау немесе басқа педагогтармен салыстыру оның сенімсіздігін арттыруы мүмкін.

Қателікті талқылау кезінде алдымен жұмыстың жақсы жақтарын атап, содан кейін жақсартуды қажет ететін тұстарын нақты түсіндірген жөн. Мысалы, «Сен дұрыс ұйымдастыра

алмадың» деудің орнына, «Балалардың назарын тұрақтандыру үшін ойын әдісін қосып көрейік» деген ұсыныс тиімдірек.

Кері байланыс нақты, сыпайы және дамуға бағытталған болуы керек. Осылайша жас маман өз қатесін түсініп, оны түзетуге және кәсіби тұрғыдан өсуге үйренеді.

5. Балалармен және ата-аналармен жұмыс жасауға бағыт беру

Тәрбиеші жұмысының маңызды бөлігі – балалармен жылы қарым-қатынас орнату және ата-аналармен серіктестік байланыс қалыптастыру.

Жас маманға балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әр баланың пікірін құрметтеу және жағымды психологиялық орта қалыптастыру жолдарын түсіндіру қажет.

Ата-аналармен жұмыс барысында сыпайылық, әдептілік, құпиялылық және өзара құрмет сақталуы тиіс. Ата-аналардың сұрақтарына сабырмен жауап беріп, баланың дамуы туралы ақпаратты нақты әрі әдепті жеткізуге үйрету маңызды.

6. Кәсіби қиындықтарды анықтау және кері байланыс беру мәдениеті

Жас маманмен жүргізілетін жұмыстың нәтижелі болуы оның кәсіби қиындықтарын дер кезінде анықтап, қолдау көрсету тәсілдерін дұрыс таңдауға байланысты.

Кері байланыс тұлғаны бағалауға емес, нақты әрекетті жетілдіруге бағытталуы керек. Мысалы, «Сен балаларды басқара алмайсың» деген жалпылама пікірдің орнына, «Тапсырманы бастамас бұрын балаларға қысқа әрі нақты нұсқаулық беріп, оның орындалуын кезең-кезеңімен бақылап көр» деген ұсыныс нәтижелі болады.

Кәсіби талдау барысында мынадай қағидаларды ұстанған жөн:

- нақты фактілерге сүйену;
- педагогтің жақсы шыққан тұстарын атап өту;
- жетілдіруді қажет ететін әрекетті түсіндіру;
- шешу жолдарын бірлесіп анықтау;
- кейінгі кездесуде өзгерістерді талдау.

Бұл тәсіл жас маманның өзіне деген сенімін сақтауға және кәсіби жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

7. Жас маманмен жұмыстың нәтижелілігін бағалау

Жас маманмен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың нәтижесі алдын ала белгіленген мақсаттар мен нақты көрсеткіштер арқылы бағалануы тиіс.

Негізгі көрсеткіштер:

1. Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау сапасының жақсаруы.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістерді таңдай алуы.
3. Педагогикалық жағдаяттарды өздігінен шешу қабілетінің дамуы.
4. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы.
5. Кәсіби рефлексия мен өзіндік білім алу дағдыларының жетілуі.
6. Әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуы.
7. Жеке кәсіби даму жоспары бойынша ілгерілеуі.

Бағалау жазалау немесе кемшіліктерді тіркеу құралы болмауы керек. Оның негізгі мақсаты – жас маманның қай бағытта қолдауға мұқтаж екенін анықтап, келесі даму қадамын белгілеу.

8. Тақырыпқа сәйкес шетелдік әдебиеттерді пайдалану

Жас маман тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, авторлардың тәжірибесін талдау және оны балабақша жағдайына бейімдеу маңызды рөл атқарады.

Шетелдік әдебиеттер

1. Mary Moloney, Jennifer Pope, Ann Donnellan — Professional Mentoring for Early Childhood and Primary School Practice (2023).

Кітапта тәлімгердің міндеттері, жас педагогпен кәсіби қарым-қатынас орнату, кері байланыс беру және рефлексияны дамыту қарастырылады.

Қолдану жолы: тәлімгер мен жас маманның рөлдерін талқылау, кәсіби жағдаяттарды талдау және жеке даму жоспарын әзірлеу.

2. Marilyn Chu — Developing Mentoring and Coaching Relationships in Early Care and Education: A Reflective Approach (2013).

Еңбекте тәлімгерлік пен коучинг арқылы педагогтің кәсіби дамуын қолдау, қарым-қатынас және өзіндік талдау мәселелері қамтылған.

Қолдану жолы: жас маманға дайын жауап бермей, бағыттаушы сұрақтар арқылы шешімін өздігінен табуға көмектесу.

3. Laura K. Doan — The Induction of Early Childhood Educators: Retention, Needs, and Aspirations (2024).

Жас тәрбиешілердің алғашқы еңбек жылдарындағы қиындықтары, кәсіби бейімделуі және қолдау жүйесін ұйымдастыру жолдары қарастырылады.

9. Жас маман тәрбиешімен жұмыс жүргізуге арналған кәсіби ойындар

Бұл ойындар балаларға емес, жас мамандар мен тәлімгерлерге арналған әдістемелік отырыстарда өткізіледі. Олар педагогикалық ойлау, шешім қабылдау, қарым-қатынас және өзіндік талдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

1. «Педагогикалық жағдаяттар алаңы»

Уақыты: 10–15 минут

Мақсаты: күрделі педагогикалық жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйрету.

Ойын барысы: қатысушыларға жағдаяттар жазылған карточкалар таратылады. Әр қатысушы мәселені талдап, кемінде екі шешім ұсынады және өз таңдауын негіздейді.

Мысал: бала күн сайын ата-анасынан ажырағанда жылайды. Тәрбиеші қандай әрекет жасауы керек?

Талқылау: баланың эмоциясын қабылдау, ата-анамен байланыс орнату, баланың бейімделуіне біртіндеп көмектесу.

2. «Тәлімгер мен жас маман» рөлдік ойыны

Уақыты: 10 минут

Мақсаты: тиімді кері байланыс беру мен кәсіби диалог жүргізу дағдыларын дамыту.

Ойын барысы: бір қатысушы тәлімгер, екіншісі жас маман рөлін атқарады. Жас маман өткізген іс-әрекетінде қиындық болғанын айтады. Тәлімгер оны сынамай, бағыттаушы сұрақтар мен нақты ұсыныстар береді.

Тапсырма: «Қандай тұсы сәтті болды?», «Нені жетілдіруге болады?», «Келесі жолы қандай әдісті қолдануға болады?» деген сұрақтарды пайдалану.

3. «Бір мәселе – үш шешім»

Уақыты: 8–10 минут

Мақсаты: шығармашылық және сыни ойлауды дамыту.

Ойын барысы: жүргізуші бір мәселені ұсынады. Қатысушылар үш түрлі шешім ойластырып, олардың артықшылықтары мен ықтимал қиындықтарын салыстырады.

Мысал: балалар ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде жиі алаңдайды.

Ықтимал шешімдер: ойын элементтерін қосу, тапсырманы қысқа кезеңдерге бөлу, көрнекі құралдарды қолдану.

4. «Рефлексия шеңбері»

Уақыты: 5–7 минут

Мақсаты: өз жұмысына талдау жасау және кәсіби даму бағытын анықтау.

Ойын барысы: әр қатысушы үш сөйлемді аяқтайды:

- «Бүгін мен түсіндім…»
- «Мен үшін қиындық тудырған мәселе…»
- «Келесі аптада тәжірибемде қолданамын…»

Нәтижесі: әр педагог жеке даму мақсатын белгілейді.

5. «Сын емес, ұсыныс»

Уақыты: 10 минут

Мақсаты: кәсіби әдепті және қолдаушы кері байланыс мәдениетін қалыптастыру.

Ойын барысы: жүргізуші жағымсыз немесе жалпылама айтылған пікірлерді ұсынады. Қатысушылар оларды нақты, сыпайы ұсынысқа айналдырады.

Мысал:

«Сенің іс-әрекетің қызықсыз болды» дегенді «Балалардың қызығушылығын арттыру үшін келесі жолы қимылды ойын немесе тосын сәт қосып көрейік» деп өзгерту.



6. «Кәсіби даму картасы»

Уақыты: 10–15 минут

Мақсаты: жас маманның кәсіби мақсаттарын нақтылау.

Ойын барысы: қатысушыларға «Менің күшті тұсым», «Дамытатын дағдым», «Маған қажет қолдау», «Келесі қадамым» деген төрт бөлімнен тұратын карта беріледі. Әр педагог бөлімдерді толтырып, тәлімгерімен талқылайды.

Нәтижесі: жас маманға арналған нақты әрі қолжетімді кәсіби даму мақсаты анықталады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жас маман тәрбиешімен тиімді жұмыс жүргізу – мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік қызметтің маңызды бағыттарының бірі. Бұл үдеріс тәлімгерлік, кәсіби қолдау, тәжірибе алмасу, рефлексия және жүйелі бағалау сияқты өзара байланысты жұмыстардан тұрады.

Жас маманның кәсіби дамуы үшін оған тек талап қою жеткіліксіз. Оған сол талаптарды орындаудың жолдарын көрсету, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру, жетістіктерін мойындау және қиындықтарды еңсеруге көмектесу қажет.

Нағыз тәлімгер жас маманның орнына шешім қабылдамайды, керісінше, оның кәсіби ойлауын дамытып, өз күшіне сенуіне жағдай жасайды.

«Жас маманның кәсіби өсуі – тәжірибелі педагогтің бағыт-бағдары мен жас педагогтің үздіксіз ізденісінің нәтижесі».

Сондықтан балабақша ұжымында тәлімгерлік мәдениетті дамыту, әдістемелік қолдауды жүйелеу және өзара ынтымақтастықты нығайту – білім беру сапасын арттырудың маңызды алғышарты.

Кунахунова Айнұр Асанқызы
Меңгеруші
ЖШС «Zerek Bala1» бөбекжай-балабақшасы
Алматы қаласы



ІЗГІ – ПЕДАГОГ Ш. А. АМОНАШВИЛИДІҢ «БАЛАЛАРДЫ КАЛАЙ СҮЮГЕ БОЛАДЫ?» ЕҢБЕГІНЕ ЭССЕ

Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелейді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Және де ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Осы тұста мен өзге ұлттың өкілі болса да, жаныма жақын, әрі сөзі мен ісі адам баласын ізгілікке жетелейтін, нағыз педагог – Ш.А. Амонашвилидің еңбегі туралы ой қозғасам деймін. Мен үшін бұл жан – нағыз ұстаз. Менің үлгі – өнеге алып үйренетін тұлғам десем қателеспеймін.

Амонашвили қаламынан ондаған педагогикалық, психологиялық және көркем әдеби туындылар шықты. Соның бірі – *«Балаларды калай сүюге болады?» («Как любить детей»*) атты еңбегі жөнінде тоқталғым келеді.

Ш.А.Амонашвили «Әр бала белгілі борышпен өмірге келеді. Және әрбір сәбидің тек өзіне тиесілі жаны – ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата – ана мен педагогтың міндеті сол сәуленің жоғалып кетуіне жол бермей, балаға өз өмір жолына бағыт көрсету» - деген ұстамды алға тарта отырып, ол «Мен балаларды жай ғана әдемі сүйіп қана қоймай, олардың болашағына деген жауапкершілікті түрде сезіммен, оларды өмір бойы және әрдайым сүю керек деп ойлаймын. Бұл дегеніміз – әр біреуіне қамқор болу, қараңғылықпен күресуге ұмтылдырып, «Жарқын болашақ» туралы ертегі айтпай, оларды өздері өмірді тұрғызуға үйрету, өзін және өзгелерді қорғауға үйрету» қажет деп атап көрсетті.

«Балаларды қалай сүюге болады?» атты еңбегінде өміріндегі тәжірибесі арқылы түрлі тақырыпшалар арқылы әңгімеледі. Әр тақырыпшаларда өзінің тәжірибесінен ала отырып, өз – өзіне талдау жасай отыра, баланы сүюдегі сүйіспеншіліктің маңызын айқындай түсті. Ол өзінін кітабында «Бала әлі қалыптаспаған әлем» дейді. Адам болып қалыптасу үшін тәрбиелеу, одан дана адамды шығару, адамды сүюші, бірінші орында ата – анасын сүюші ретінде жазған. Кітапта адамды қарапайымдылыққа, шынайылыққа және даналыққа үйретер мысалдар берілген. Мұнда Амонашвили қазіргі заманғы жаңа педагогикадағы шындықты көруге, ойлануға шақырады. Нағыз ұстаз болу үшін баланы шынайы сүйе білу керек – деп көрсеткен.

Амонашвилидің бойындағы педагогикалық сүйіспеншіліктің қалыптасуы әр минут, әр сағат, әр уақытында байқаусыз қалыптасып отырған. Ол өзі «Педагогикалық сүйіспеншілік адам өмірін қоректендіреді, алға ұмтылдырады, осының өзі балаларға ұмтылыс, оларды

қуанып, сағынып отыруға, оларға ертегі кітаптар жазуға деген құлшыныстыдүдырады, бұл өз мінезіңді, біліміңді және педагогикалық өнеріңнің әрекетінен туындайды» дейді. Демек, менің ойымша педагогикалық сүйіспеншілік күлімсіреп, жан – жағына жылулық сыйлаудан құралады.

Педагогтің міндеті – баланы өзіне бағындыру емес, оның бойындағы жақсы қасиеттерді ояту. Ол үшін тәрбиеші ең алдымен өз іс-әрекетімен үлгі болуы керек. Баладан мейірімділікті талап етсек, өзіміз мейірімді болуымыз қажет; баладан шындықты күтсек, өзіміз де әділдік танытуымыз керек. Өйткені бала үлкендердің айтқан сөзінен гөрі, күнделікті іс-әрекетінен көп нәрсе үйренеді.

Ш. А. Амонашвилидің ізгі педагогикасы маған баланың тұлғасын құрметтеу мен оның жүрегіне жол табудың қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Әрбір бала – үлкен үміт пен болашақтың иесі. Оған сенім арту, қабілетін дамыту және өзін бағалы тұлға ретінде сезіндіру – педагогтің адамгершілік міндеті.

Балаларды сүю, қорғау, достаса білу керек. Мен осыларды өз тәжірибемде қолданамын. Амонашвили балалардың санасын әр түрлі білімдермен жалпылағаннан гөрі, шынайы, қайырымды етіп тәрбиелеу, өскелең ұрпақ үшін аса маңызды деп айтады. Ендеше, өз ұстаздық еңбек жолымда балаларға ерекше ықыласты пейіл танытып, оларды сүю, болашағына зор үмітпен қарау менің міндетім деп есептеймін. Өзімді бала жанының бағбанындай сезініп, балаларға тура жолды көрсетіп, өмірде дұрыс әрекет жасау оның бақытқа барар баспалдағы екенін ұғындырамын.

Түйіндей келе, жаңашыл педагог Ш.А. Амонашвили «Әр балаға жасына қарамастан, өзің сияқты тұлға ретінде, қарап санасу керек» деді. Балаға ата – анадан кейін тәлім – тәрбие, дүниенің жарығын, кемел елдің рухани тұлғасына сай, ең бастысы жақсы адамға лайық қасиеттерді дәріптеп өмірлік азық беру менің негізгі қағидама айналды. Балаларды сүю – педагогикалық шеберліктің ғана емес, адамдық болмыстың да көрінісі. Мен үшін нағыз педагог болу – әр баланың жан дүниесін түсінуге ұмтылу, оған сенім сыйлау және үлкен өмірге нық қадам басуына көмектесу. Себебі бүгін мейірім мен құрметке бөленген бала ертең айналасына жақсылық сыйлайтын саналы тұлға болып қалыптасады.

Джаксимбетова Жазира Даулетбаевна
Тәрбиеші
«Zerek Bala 1» балабақшасы
Алматы қаласы Бостандық ауданы



ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытудың маңызы қарастырылады. Дидактикалық ойындардың балалардың зейінін, есте сақтауын, логикалық ойлауын, қабылдауын және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындарды таңдау, олардың танымдық белсенділігін арттыру және өз бетінше ойлану қабілетін дамыту жолдары ұсынылады. Мақалада түстерді ажырату, заттарды салыстыру, топтастыру, есте сақтау және құрастыруға бағытталған ойындардың тәжірибелік маңызы ашылады. Дидактикалық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану арқылы балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыруға, ізденімпаздығын қалыптастыруға және мектепке дайындығын жетілдіруге болатыны негізделеді.

Түйінді сөздер: дидактикалық ойындар, мектеп жасына дейінгі балалар, танымдық қабілеттер, танымдық даму, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдылары, ойын әрекеті, тәрбиеші, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың жан-жақты дамуына негіз болатын маңызды уақыт. Осы кезеңде балалар айналасындағы заттарға қызығушылық танытып, көптеген сұрақтар қойып, көргенін есте сақтауға және жаңа нәрселерді үйренуге тырысады. Сондықтан балабақшада баланың қызығушылығын оятып, өз бетімен ойлануына мүмкіндік беретін әдістерді қолдану өте маңызды.

Менің ойымша, балалармен жұмыс жасауда ойынның орны ерекше. Себебі бала ойнау арқылы қоршаған ортаны танып, өз ойын жеткізуге, заттарды салыстыруға және қарапайым шешімдер қабылдауға үйренеді. Әсіресе дидактикалық ойындар балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға жақсы көмектеседі.

Дидактикалық ойындар баланың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған кезде, бала тапсырманы қызығушылықпен орындайды. Ойын барысында ол тек дайын жауапты қабылдамай, ойланып, ізденіп, өзіне қажетті қорытынды жасауға дағдыланады.

Негізгі бөлім

Танымдық қабілет дегеніміз – баланың қоршаған ортаны танып-білуіне, ақпаратты қабылдауына, есте сақтауына, ойлауына және зейінін шоғырландыруына көмектесетін қабілеттер. Бұл дағдылар бір күнде қалыптаспайды. Олар күнделікті қарым-қатынас, бақылау, түрлі тапсырмалар мен ойындар арқылы біртіндеп дамиды.

Балабақшада дидактикалық ойындарды қолдану балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, түстерді үйрету кезінде тәрбиеші балаларға бірден барлық түсті жаттатудың орнына, «Өз түсіңді тап» ойынын ұйымдастыра алады. Балалар ұсынылған заттардың ішінен белгілі бір түсті тауып, оны басқа түстермен салыстырады. Осы арқылы олар түстерді ажыратуды үйреніп қана қоймай, зейінін де дамытады.

«Не өзгерді?» ойыны балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға көмектеседі. Тәрбиеші үстелге бірнеше ойыншық қойып, балаларға оларды мұқият қарауды ұсынады. Кейін бір ойыншықтың орнын ауыстырады немесе оны алып тастайды. Балалар қандай өзгеріс болғанын анықтайды. Мұндай ойындар баланы мұқият бақылауға, есте сақтауға және өз жауабын түсіндіруге үйретеді.





Ал «Артығын тап» ойыны арқылы балалар заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуды үйренеді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік және доптың суреттері көрсетіледі. Бала артық затты анықтап, неліктен оны таңдағанын түсіндіреді. Бұл ойын баланың логикалық ойлауын дамытып, өз пікірін айтуға мүмкіндік береді.


Дидактикалық ойындардың тағы бір тиімді жағы – балалардың сөздік қорын молайтуға көмектесуі. «Бұл не?», «Қайда өседі?», «Кімге не қажет?» сияқты ойындарда балалар заттардың атауын айтып, олардың қасиеттерін сипаттайды. Мысалы, тәрбиеші балаларға жануарлардың суреттерін көрсетіп, олардың қайда тіршілік ететінін, немен қоректенетінін сұрайды. Балалар өз білетіндерін айтып, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. Осындай жұмыс кезінде баланың сөйлеу белсенділігі артып, жаңа ақпаратты қабылдауы жеңілдейді.

Танымдық қабілеттерді дамытуда құрастыру ойындарының да маңызы бар. Түрлі пішіндерден үй, көпір немесе мұнара құрастыру кезінде балалар пішіндерді салыстырады, олардың көлеміне назар аударады және қай бөлшектің қай жерге сәйкес келетінін ойластырады. Егер құрастырған заты бірден шықпаса, басқа жолын іздеп көреді. Бұл баланың шыдамдылығын, шығармашылығын және мәселені шешу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастырғанда балалардың жас ерекшелігін ескеру қажет. Кіші жастағы балаларға заттарды тану, түстерді ажырату, көлемін салыстыру сияқты қарапайым ойындар ұсынылады. Ортаңғы және ересек топтарда балаларға салыстыру, топтастыру, сәйкестендіру және логикалық қорытынды жасауға арналған тапсырмаларды біртіндеп күрделендіруге болады.

Ойын кезінде тәрбиешінің рөлі де маңызды. Тәрбиеші балаларға дайын жауапты бірден айтпай, оларды өз бетімен ойлануға жетелеуі керек. Мысалы, бала тапсырманы орындауда қиналса, «Сен қалай ойлайсың?», «Неліктен осы затты таңдадың?», «Тағы қандай жолын

табуға болады?» деген сұрақтар қоюға болады. Осындай сұрақтар баланы өз ойын айтуға және шешім іздеуге ынталандырады.





Сонымен қатар ойын барысында әр баланың белсенді қатысуына жағдай жасау қажет. Кейбір балалар тапсырманы тез орындаса, басқаларына көбірек уақыт керек болуы мүмкін. Сондықтан балаларды бір-бірімен салыстырмай, әрқайсысының мүмкіндігіне қарай қолдау көрсеткен дұрыс. Баланың кішкентай жетістігінің өзін байқап, мадақтау оның өзіне деген сенімін арттырады.

Өз тәжірибемде дидактикалық ойындарды күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетпен байланыстырып өткізудің тиімді екенін байқауға болады. Ойындарды тек сабақ кезінде ғана емес, серуенде, еркін ойын уақытында және күнделікті тұрмыстық жағдайларда да қолдануға болады. Мысалы, серуен кезінде балаларға ағаштардың жапырақтарын салыстыруды, табиғи заттардың түсі мен пішінін ажыратуды немесе айналасынан белгілі бір затты табуды ұсынуға болады. Осылайша балалар қоршаған ортаны бақылап, жаңа білімді өмірмен байланыстырады.

Ең бастысы, ойын баланың жасына сай, түсінікті әрі қызықты болуы керек. Егер тапсырма тым күрделі болса, бала қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Ал ойын баланың мүмкіндігіне сәйкес ұйымдастырылса, ол тапсырманы орындауға талпынып, өз бетінше әрекет етуге үйренеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, дидактикалық ойындар – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді жолдарының бірі. Ойын арқылы балалар ойлануға, есте сақтауға, салыстыруға, заттарды ажыратуға және өз ойын жеткізуге үйренеді. Сонымен бірге олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы артып, жаңа нәрсені білуге деген ынтасы қалыптасады.

Тәрбиеші ретінде біздің міндетіміз – әр баланың қызығушылығын ескеріп, оның қабілетін ашуға мүмкіндік беру. Ол үшін ойындарды орынды таңдап, балаларға еркін ойлануға, сұрақ қоюға және өз бетінше шешім қабылдауға жағдай жасау қажет.

Балабақшадағы әрбір ойын баланың дамуына бағытталса, оның тәрбиелік және білімдік маңызы арта түседі. Сондықтан дидактикалық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие жұмысында жүйелі қолдану баланың мектепке дайындығына да оң ықпал етеді.

Қырықбай Бейбітгүл Естеуқызы
Тәрбиеші
«Zerek bala 1» балабақшасы
Алматы қаласы, Бостандық ауданы



БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ

Балабақша – баланың үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамы, оның тұлға болып қалыптасуына негіз болатын маңызды орта. Әр бала дүниеге келген сәттен бастап айналасын танып, жаңа нәрселерді үйренуге ұмтылады. Ал мектепке дейінгі кезеңде бұл қызығушылық ерекше қарқынмен дамиды. Сондықтан балабақшаның басты міндеті – балаларға білім берумен қатар, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімді, мейірімді және жауапты болып өсуіне көмектесу. Менің ойымша, балабақша – тәрбие мен білімнің шынайы бастауы.

Мектепке дейінгі ұйымға келген бала алғаш рет отбасынан бөлек ортаға бейімделеді. Ол басқа балалармен танысады, бірге ойнауды, кезек күтуді, өз ойын жеткізуді және ортақ ережелерді сақтауды үйренеді. Басында кейбір балаларға жаңа ортаға үйрену қиын болуы мүмкін. Осындай сәтте тәрбиешінің сабырлы сөзі, жылы қарым-қатынасы мен қолдауы өте маңызды. Бала өзін қауіпсіз сезінген кезде ғана айналасын еркін зерттеп, жаңа әрекеттерге батыл кіріседі. Сол себепті әр баланы түсініп, оның сезіміне құрметпен қарау – тәрбиешінің күнделікті жұмысының негізгі бөлігі.

Тәрбиеші балаларға әріптер мен сандарды таныстырып қана қоймайды. Ол күнделікті іс-әрекет арқылы тазалықты сақтауға, үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге, достарына көмектесуге және табиғатты аялауға үйретеді. Мысалы, ойыншықтарды бірге жинау баланы ұқыптылыққа баулыса, кезекпен сөйлеу өзгені тыңдауға дағдыландырады. Досына көмектесу мейірімділікті дамытады, ал өз заттарын реттеп қою жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Осындай қарапайым көрінетін әрекеттер баланың мінезіне оң әсер етіп, жақсы әдеттердің қалыптасуына жол ашады.

Баланың дамуына ойынның ықпалы зор. Ойын кезінде бүлдіршін қиялын дамытып, сұрақ қоюға, шешім қабылдауға және өз ойын түсінікті жеткізуге үйренеді. Құрастыру ойындары ойлау қабілетін дамытса, қимылды ойындар белсенділік пен ептілікті арттырады. Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы балалар әртүрлі мамандықтармен танысып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсіне бастайды. Ал ән айту, би билеу, сурет салу, жапсыру және мүсіндеу сияқты шығармашылық жұмыстар олардың талғамын қалыптастырып, қабілеттерін ашуға көмектеседі. Сондықтан ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалардың жас ерекшелігіне сай, қызықты әрі мазмұнды болуы қажет.

Әр баланың мінезі, қызығушылығы, қабылдау жылдамдығы мен қабілеті әртүрлі. Бір бала тапсырманы тез орындаса, екінші балаға көбірек уақыт қажет болуы мүмкін. Бірі сурет салуды ұнатса, енді бірі құрастыруға немесе қимылды ойындарға қызығады. Тәрбиеші осы ерекшеліктерді ескеріп, балаларды бір-бірімен салыстырмай, әрқайсысының жетістігін байқап, қолдауы керек. Баланың кішкентай жетістігін мақтау оның өзіне деген сенімін

арттырады. Қателескен жағдайда ұрысу емес, дұрыс жолын түсіндіру маңызды. Осындай қолайлы ортада бала өз мүмкіндігін байқап, жаңа білімді ынтамен меңгереді.

Балабақшадағы тәрбие жұмысы ата-анамен тығыз байланыста болғанда нәтижелі болады. Отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі, ал балабақша осы тәрбиені жалғастырып, толықтырады. Ата-ана мен тәрбиеші баланың дамуы, мінез-құлқы, қызығушылығы және күнделікті жетістіктері туралы пікір алмасып отырғаны дұрыс. Үйде және балабақшада қойылатын талаптар бір-біріне сәйкес болса, бала ережелерді жақсы түсінеді. Ата-аналарға ұсыныс беру, кездесулер ұйымдастыру және ортақ іс-шараларға қатысу өзара сенімді нығайтады. Ең бастысы, баланың алдында бір-бірін құрметтеп, оның жақсы дамуы үшін бірге әрекет ету қажет.

Қазіргі кезде балалардың тілін дамыту, қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту және өз бетінше ойлауына жағдай жасау ерекше маңызды. Тәрбиеші балалармен әңгімелесіп, ертегі оқып, ашық сұрақтар қойып, олардың жауаптарын мұқият тыңдауы керек. Табиғатты бақылау, жыл мезгілдерінің өзгерісін байқау, өсімдіктерге күтім жасау және қарапайым тәжірибелер өткізу арқылы балалар қоршаған әлемді жақсырақ түсінеді. Сонымен қатар қауіпсіздік ережелерін үйрету, жеке бас гигиенасын сақтау және салауатты әдеттерді қалыптастыру күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Тәрбиеші мамандығы үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты және үздіксіз ізденісті талап етеді. Әр күн сайын балаларға жаңа нәрсе үйрету үшін тәрбиешінің өзі де білімін жетілдіріп, жұмыс тәсілдерін жаңартып отырғаны жөн. Балалардың назарын аудару үшін көрнекіліктерді, ойындарды, ертегілерді және шығармашылық тапсырмаларды орынды қолдануға болады. Дегенмен ең маңызды құрал – тәрбиешінің балаға деген шынайы ықыласы мен әділ қарым-қатынасы. Бала үлкендердің іс-әрекетін бақылап, олардың сөзінен ғана емес, күнделікті үлгісінен де үйренеді. Сондықтан тәрбиеші өзінің мінез-құлқымен жақсы өнеге көрсетуі керек.

Балабақшада қалыптасқан жақсы дағдылар баланың келесі өмір кезеңіне сенімді қадам басуына көмектеседі. Өз ойын айта алатын, өзгелерді тыңдайтын, қарапайым тапсырмаларды орындайтын және ортақ ережелерді түсінетін бала мектепке біртіндеп дайын болады. Мұнда тек оқу дағдылары емес, эмоциясын реттеу, қарым-қатынас орнату, өзіне қызмет көрсету және қиындықты жеңуге талпыну сияқты қабілеттер де маңызды. Баланың балабақшада алған әрбір жағымды тәжірибесі оның болашақтағы оқуына және қоғаммен байланысына негіз қалайды.

Сонымен бірге балабақшада ұлттық құндылықтарды таныстыруға да көңіл бөлген жөн. Балаларға қазақтың салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері мен ертегілері жас ерекшелігіне сай түсіндіріледі. Наурыз мерекесі, ұлттық бұйымдармен танысу және халық ауыз әдебиеті арқылы бүлдіршіндер өз мәдениетіне қызығушылық танытады. Бұл жұмыстар балалардың сөздік қорын байытып қана қоймай, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады. Өзге адамдардың мәдениеті мен ерекшелігін құрметтеуге үйрету де маңызды. Осылайша бала кішкентай кезінен сыйластық пен татулықтың мәнін түсіне бастайды.

Баланың денсаулығы мен көңіл күйі де білім алуына тікелей әсер етеді. Сондықтан күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу және дұрыс тамақтану туралы түсінік қалыптастыру қажет. Демалыс пен белсенді әрекеттің тепе-теңдігі баланың сергек жүруіне көмектеседі. Тәрбиеші топтағы жайлы ахуалды бақылап, балалардың бір-бірімен тату ойнауына жағдай жасауы тиіс. Егер бала көңілсіз болса, оның себебін түсінуге тырысып, қолдау көрсету керек. Баланың денсаулығына, қауіпсіздігіне және эмоционалдық жайлылығына қамқорлық жасау – сапалы тәрбиенің ажырамас бөлігі.

Қорыта айтқанда, балабақша – тек білім беретін орын емес, баланың жүрегіне ізгілік ұялатып, қабілетін дамытатын, өмірге бейімдейтін тәрбие ордасы. Мұнда әрбір ойын, әңгіме, шығармашылық жұмыс және жылы сөздің өзіндік мәні бар. Тәрбиеші, ата-ана және балабақша ұжымы бірлесе әрекет еткенде ғана балаға жан-жақты дамуға қолайлы жағдай жасалады. Әр баланың даралығын құрметтеп, оның қызығушылығын қолдау – ортақ міндетіміз. Бүгін балабақшада берілген сапалы тәрбие мен білім ертең саналы, білімді, мейірімді және жауапты азаматтың қалыптасуына негіз болады. Сондықтан балабақша – тәрбие мен білімнің бастауы.

Ескелді Лаура Мейірқызы
Тәрбиеші, педагог
«Zerek Bala 1» балабақшасы
Алматы қаласы Бостандық ауданы



«ҚАЗАҚСТАН — РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ»

4 жастағы балаларға арналған ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі ұйымның ересек тобындағы 4 жастағы балаларға 25 қазан — Республика күні орай алғашқы түсінік қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттің үлгісі ұсынылады. Сабақ ойын, көрнекілік, қимыл-қозғалыс, шығармашылық тапсырма және музыкалық тыңдалым арқылы құрылады. Балалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Ту, Елтаңба және Әнұранмен танысып, оларды құрметтеудің қарапайым дағдыларын меңгереді.

Түйін сөздер: Республика күні, Отан, мемлекеттік рәміздер, Ту, Елтаңба, Әнұран, ойын технологиясы, мектепке дейінгі тәрбие.

Тақырыптың өзектілігі: Отанға сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерге деген құрмет балабақшадан басталады. Төрт жастағы балалар ақпаратты ойын түрінде, сурет, музыка және қимыл-қозғалыс арқылы жақсы қабылдайды. Сондықтан мерекелік тақырыпты балаға қызықты, эмоционалды әрі ойын форматында ұйымдастыру маңызды. Ұйымдастырылған іс- әрекет барысында балалар рәміздерді жаттап қана қоймай, оларды суреттен тануға, Әнұранды тыңдағанда сабыр сақтап, тік тұрып құрмет көрсетуді үйренеді.

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Отан туралы түсінік қалыптастыру.

Тақырыбы: Қазақстан – Республикам менің

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасы туралы бастапқы түсінік беру, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздермен таныстыру.

Міндеттері:

Білімділік:

- Қазақстан біздің отанымыз екенін түсіндіру.
- Қазақстан Республикасының Туын, Елтаңбасын таныстыру.
- Әнұранның мемлекеттік рәміз екенін және оны тыңдағанда құрмет көрсетуді үйрету.
- 25 қазан — Республика күні екенін таныстыру.

Дамытушылық: балалардың зейінін, есте сақтауын, сөздік қорын, қимыл-қозғалысын дамыту.

Тәрбиелік: Отанның сүюге, бірлікте болуға және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар

Қазақстан Республикасының Туы мен Елтаңбасының суреттері; Әнұранның ресми аудиожазбасы; «Сиқырлы сандық»; рәміздер бейнеленген карточкалар; көк қағаздан дайындалған ту негізі; күн, қыран және ұлттық өрнек бөлшектері; желім; мадақтау жапсырмалары.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы :

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, балалар ?! Бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз. Біз өз еліміз туралы қызықты ойындар ойнаймыз. Дайынсыңдар ма?

Балалар: Сәлеметсіз бе ?! иә

Тәрбиеші: Қәне бәріміз орнымыздан тұрып шаттық шеңберін орындайық.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Қайырлы таң, балалар,
Қайырлы таң, Отаным!

Балалар өлеңді бірге қайталап, сабаққа жағымды көңіл күймен кіріседі.

Қызығушылықты ояту — «Сиқырлы сандық» ойыны

Тәрбиеші: Балалар, мына сандық жай сандық емес, сиқырлы сандық. Ішінде біздің елімізге қатысты бір құпия бар.

Ашып көрейік пе?

Балалар: Иә

Тәрбиеші сандықтан Тудың, Елтаңбаның суреттерін шығарады.

Тәрбиеші:

— Балалар, бұл не? (тудың суреті)

Балалар: Ту

Тәрбиеші:

— Тудың түсі қандай?

Балалар: Көк

Тәрбиеші:

— Елтаңбадан нені көріп тұрсыңдар?

Балалар: Шаңырақ

Тәрбиеші: Бүгін біз еліміздің мемлекеттік рәміздерімен танысамыз. Олар — Ту, Елтаңба және Әнұран.

Ту: «Бұл — Қазақстанның Туы. Ол көгілдір түсті. Ортасында алтын күн мен қыран құс бейнеленген, шетінде ұлттық өрнек бар».

Елтаңба: «Бұл — Қазақстанның Елтаңбасы. Ортасында шаңырақ, екі жағында қанатты пырақ, жоғары жағында жұлдыз бар».

Әнұран: Бұл — еліміздің салтанатты әні. Әнұран орындалғанда оң қолымызды сол жақ кеуде тұсына қойып,тік тұрады.

Тәрбиеші: Қазір Қазақстан Республикасының Әнұранын тыңдаймыз. Әнұран орындалғанда тыныш тұрып, құрмет көрсетеміз

Әнұран орындалады. Балалар оң қолдарын сол жақ кеуде тұсына қойып,тік тұрып әнұранды қосылып орындайды.

Тәрбиеші: — Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: — Қазақстан — біздің туған еліміз. Біз осы елде тұрамыз. Біздің еліміз кең, әдемі. Мұнда биік таулар, өзендер, қалалар мен ауылдар бар. (Қазақстанның географиялық картасын көрсетеді)

— Ал 25 қазан — біздің еліміз үшін ерекше мереке. Бұл — Республика күні!

— Отан дегеніміз — біздің еліміз, үйіміз, отбасымыз, туған жеріміз.

Тәрбиеші: Балалар келіңдер «Өз рәміздеріңді тап » — атты ойын ойнайық

Дидактикалық ойын: «Өз рәміздеріңді тап » балалардың алдына әртүрлі мемелекеттердің туы мен елтаңбасы беріледі солардың арасынан Қазақстанның туы мен елтаңбасын тауып, ту мен елтаңбаға сәйкестендіріп қояды.



Ойын барысы:





Тәрбиеші: Тамаша балалар! Сендер тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Енді қәне орнымыздан тұрып, сергіту сәтін жасайық.

Сергіту сәті. «Қыран құс»

Көк аспанға қараймыз,
(Бастарын жоғары көтереді.)
Қолды қанат қыламыз,
(Қолдарын екі жаққа жаяды.)
Қыран құстай самғаймыз,
(Қолдарын қанатша қозғалтады.)
Отанымызды сүйеміз,
(Қолдарын жүрек тұсына қояды.)
Күлімсіреп жүреміз!
(Күлімдеп, алақандарын соғады.)

Тәрбиеші: керемет балалар бір сергіп қалдық, ары қарай туымызды бірге құрастырайық па ?

Балалар: иә

Балаларға көк түсті тудың негізін және күн, қыран, ұлттық өрнек бөлшектерін таратады. Біреуі күнді, екіншісі қыранды, үшіншісі өрнекті орналастырады.

Жұмыс барысы:




Қорытынды:

Тәрбиеші:Біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: Біздің туымыз қандай түсті?

Балалар: Көк

Тәрбиеші: Елтаңбаның ортасында не орналасқан?

Балалар: Шаңырақ

Тәрбиеші: Әнұран орындалғанда қалай тұрамыз ?

Балалар: Тыныш, тік тұрамыз

Тәрбиеші: 25 қазанда қандай мереке атап өтіледі?

Балалар: Республика күні

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Бүгін біз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерімен таныстық. Біздің Туымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз бар. Қазақстан — біздің Отанымыз. Отанымызды сүйіп, рәміздерімізді құрметтейік!

Балаларға жұлдыз жапсырмаларын таратады.

Әдістемелік ұсыныстар

Түсіндіруді қысқа сөйлемдермен жүргізіп, әр рәмізді міндетті түрде суретпен көрсету.

Балалардың барлығына жауап беруге немесе бір бөлшекті орналастыруға мүмкіндік беру.

Әнұран кезінде тыныштық пен құрмет көрсету үлгісін тәрбиеші өзі көрсетуі керек.

Қимылды және тыныш әрекеттерді алмастырып, балалардың жас ерекшелігі мен зейінін ескеру.

Жұмысқа арналған бөлшектерді алдын ала дайындап қою

Пайдаланылған дереккөздер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы ресми ақпараттық материалдар.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған тәрбие мен оқыту әдістемелік материалдары.

Қожан Гүлзада Досмырзақызы
Мектепалды топ тәрбиешісі
«Zerek bala» балабақшасы
Алматы қаласы



ТҰСАУКЕСЕР ДӘСТҮРІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде қазақ халқының тұсаукесер салтын таныстыру арқылы 5–6 жастағы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Ұлттық тәрбиені коммуникативтік дағдыларды қалыптастырумен ұштастырудың педагогикалық мүмкіндіктері талданып қана қоймай, дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың әдістемелік жолдары ұсынылады. Нақтылап айтқанда, балалардың сөздік қорын байытуға, толық сөйлем құрастыруына, сұрақтарға жауап беруіне, суреттер бойынша әңгіме құрауына және диалогтік қарым-қатынас жасауына бағытталған ойын үлгілері сипатталады. Ұсынылған әдістемелік материалды мектепалды топтарда ұлттық мазмұндағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау кезінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: тұсаукесер дәстүрі, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, мектепке дейінгі білім беру, дидактикалық ойын, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу, коммуникативтік дағдылар.

Кіріспе

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасаумен қатар, оның танымдық белсенділігін арттыру, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарға деген құрметін тәрбиелеу. Мектепке дейінгі кезеңде қалыптасқан тілдік дағдылар баланың қоршаған ортаны тануына, өз ойын еркін жеткізуіне, адамдармен қарым-қатынас жасауына және келесі білім беру сатысына бейімделуіне ықпал етеді.

Сөйлеу тілін дамыту – тек жаңа сөздерді меңгерту немесе дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ғана емес сонымен қатар бұл үдеріс баланың сөздік қорын байытуды, сөздерді мағынасына сәйкес қолдануын, грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлем құрастыруын, оқиғаны ретімен баяндауын, сұрақ қоюын және әңгімелесушіні тыңдауын қамтиды. Сондықтан педагог баланың тілдік дамуын күнделікті қарым-қатынаспен, танымдық тапсырмалармен, шығармашылық әрекеттермен және ойынмен байланыстыра ұйымдастыруы қажет.

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғи қызығушылығына сәйкес келетін педагогикалық құрал болып табылады. Дидактикалық ойын кезінде бала тапсырманы орындаумен қатар, жаңа сөздерді қолданады, өз пікірін білдіреді, басқа балалардың жауаптарын тыңдайды және ортақ әрекетке қатысады. Ойынның мазмұны баланың өмірлік

тәжірибесімен байланыстырылған жағдайда, меңгерілген сөздер мен түсініктерді қарым-қатынас кезінде қолдануға мүмкіндік артады.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда ұлттық мазмұндағы материалдарды пайдалану да маңызды болып табылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы бала ұлттық мәдениетпен танысып қана қоймайды сонымен қатар адамдар арасындағы сыйластық, ізгілік, адалдық, үлкенді құрметтеу және жақсы тілек айту сияқты адамгершілік ұғымдарын түсіне бастайды.

Осындай тәрбиелік мүмкіндігі бар дәстүрлердің бірі – тұсаукесер. Қазақ халқының бұл дәстүрі баланың алғашқы қадамымен, отбасының қуанышымен және сәбидің болашағына арналған ақ тілектермен байланысты. Тұсаукесер тақырыбын мектепалды топта қарастыру балаларға ұлттық мұраны таныстыруға және олардың тілдік белсенділігін арттыруға негіз бола алады.

Зерттеудің мақсаты – тұсаукесер дәстүрін таныстыруға арналған дидактикалық ойындарды қолдану арқылы 5–6 жастағы балалардың сөздік қорын байытуға, байланыстырып сөйлеуін және диалогтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді жүйелеу.

Мақаланың практикалық маңызы – ұсынылған әдістемелік материалдарды мектепалды тобының тәрбиешілерінің ұйымдастырылған іс-әрекетінде, тіл дамыту жұмыстарында және ұлттық тәрбиеге арналған тақырыптық сабақтарда қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Әдістеме

Мақалада ұлттық мазмұндағы дидактикалық ойындарды сөйлеу тілін дамыту мақсатымен байланыстыруға негізделген әдістемелік тәсілдер қарастырылған. Негізгі назар балалардың жаңа сөздерді түсінуіне, оларды сөйлем ішінде қолдануына, өз ойын жүйелі жеткізуіне және диалогке қатысуына аударылады.

3.1. Тақырыптық сөздік қорды қалыптастыру

Ең алдымен балаларға тұсаукесер дәстүріне қатысты негізгі ұғымдар таныстырылады. Оларға «дәстүр», «сәби», «алғашқы қадам», «ала жіп», «ақ тілек», «адалдық», «қуаныш» сөздері жатады.

Жаңа сөздерді түсіндіру үшін суреттер, заттық көрнекіліктер және қысқа әңгімелер қолданылады. Педагог сөздің мағынасын қарапайым тілмен түсіндіріп, балаларға оны сөйлем ішінде қолдануларына мүмкіндік береді.Мысалы, «ақ тілек» ұғымын түсіндіру кезінде балалардан жақындарына қандай жақсы сөздер айтатындықтары сұралады. Осылайша жаңа ұғымды баланың күнделікті өмірлік тәжірибесімен байланыстыруға болады.

3.2. Көрнекілік және сұрақ-жауап әдісі

Көрнекілік балалардың назарын шоғырландыруға, жаңа ақпаратты түсінуіне және оны сөзбен жеткізуге көмектеседі. Тұсаукесер тақырыбына арналған суреттерді қарастыру кезінде педагог біртіндеп күрделенетін сұрақтар қояды:

Мысалы:

– Суретте кімдер бейнеленген?

– Олар қандай оқиғаға жиналған?

– Балаға қандай тілек айтылып жатыр?

Алғашқы сұрақтар баланың суреттегі заттар мен адамдарды атауына қарай бағытталса, кейінгі сұрақтар өз ойларын түсіндіруге және қарапайым қорытынды жасауға жетелейді.

3.3. Сөйлем құрастыру және байланыстырып сөйлеу әдісі

Педагог сөйлемнің басын ұсынады, баланың оны өздігінен аяқтауына мүмкіндік береді. Мысалы: «Тұсаукесер – ...», «Мен балаға ... тілеймін», «Адал адам ...».

3.4. Бақылау және кері байланыс

Ойын барысында педагог балалардың жаңа сөздерді қолдануын, сұрақтарға жауап беруін, сөйлем құрастыруын және әңгімелеуін бақылай алады. Бақылау нәтижелері келесі сабақтың мазмұнын жоспарлауға пайдаланылады.Бұл мақалада ұсынылған тәсілдер әдістемелік үлгі ретінде берілген. Олардың нақты нәтижелілігі балалармен жұмыс жүргізіп, бастапқы және кейінгі бақылау нәтижелерін салыстыру арқылы анықталуы тиіс.

Практикада қолдану

Тұсаукесер дәстүрін дидактикалық ойындар арқылы таныстыруға арналған ұйымдастырылған іс-әрекетті мектепалды топтағы 5–6 жастағы балаларға бейімдеп өткізуге болады. Ұсынылатын ұзақтығы – 30- 35 минут.

Іс-әрекеттің тақырыбы: «Тұсаукесер дәстүрі – ұлттық тәрбиенің бастауы».

Мақсаты – балаларға тұсаукесер дәстүрінің мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру және ойын тапсырмалары арқылы сөздік қорын, сөздерді байланыстыра отырып сөйлеуін дамыту.

Қажетті көрнекіліктер: тұсаукесер дәстүріне қатысты суреттер, тақырыптық карточкалар, «Сиқырлы қоржын», ойыншық микрофон, тілек жазылған карточкалар, қуыршақ және оқиға ретін бейнелейтін суреттер.

4.1. Қызығушылықты ояту және тақырыппен таныстыру

Іс-әрекет балаларды шаттық шеңберіне тұрғызудан басталады. Педагог балалармен жылы қарым-қатынас орнатып, бүгінгі тақырыптың отбасы, сәби және ұлттық дәстүрлермен байланысты екенін айтады.

Одан кейін тұсаукесер көрінісі бейнеленген сурет көрсетіледі. Балалар суреттегі адамдарды, олардың көңіл күйін және болып жатқан оқиғаны сипаттайды.Балаларға тұсаукесердің баланың алғашқы қадамымен байланысты екендігін, бұл күні сәбиге жақсы тілектер айтылатынын жеткізеді.

4.2. «Сиқырлы қоржын» дидактикалық ойыны

Мақсаты: жаңа сөздерді үйрету, затты сипаттап айту және толық сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.

Қоржынның ішіне тұсаукесерге немесе ұлттық тәрбиеге қатысты суреттер салынады. Әр бала кезекпен бір карточканы таңдап, ондағы затты немесе ұғым туралы айтады

Педагог баланы мына үлгімен сөйлетуге бағыттайды:

«Бұл – ... . Оның ерекшелігі – ... . Ол ... дәстүрімен байланысты».Балалар «ала жіп», «сәби», «ақ тілек», «отбасы» сияқты сөздерін қолданады. Егер бала тек бір ғана сөзбен жауап берсе, педагог қосымша сұрақтар қоюы арқылы жауабын кеңейтуге көмектеседі.Ойын соңында жаңа сөздер қайталанып, балаларға олардың біреуін пайдаланып сөйлем құрастыру тапсырмасы беріледі.





4.3. «Сөйлемді толықтыр» ойыны

Мақсаты: сөйлем құрастыру және сөздердің мағыналық байланысын түсіну дағдыларын жетілдіру.

Педагог сөйлемнің басын айтады, ал балалар оны мағынасына қарай аяқтаулары қажет:

– Тұсаукесер – ... –

Сәби алғашқы ... жасайды. –

Балаға ақ тілек ... . –
Адал адам ... . –
Менің тілегім ... .

4.4. «Ақ тілек» ойыны

Мақсаты: балалардың тілдік белсенділігін арттыру, жақсы сөздерді қолдану және өз ойын эмоционалды түрде еркін жеткізу дағдыларын дамыту.

Балалар шеңбер болып тұрады. Әр бала тілек карточкасын таңдап, ондағы тілекті педагогтің көмектесуімен айтады. Одан кейін өз тілегін айтып беруі қажет болады.

Мысалдар:

– Қадамың нық болсын!
– Денің сау болсын!
– Жолың ашық болсын!
– Ақылды да мейірімді бол!
– Достарың көп болсын!
– Әрдайым адал бол!

Педагог балаларға «Бұл тілек нені білдіреді?» немесе «Сен тағы қандай тілек айтар едің?» деген сұрақтар қоюына болады.. Осылайша балалар дайын тіркестерді қайталап қана қоймай, өз ойларын білдіруге жаттығатын болады.

4.5. «Тілші бол» рөлдік ойыны

Мақсаты: диалогтік сөйлеуді, сұрақ қою және жауап беру дағдыларын дамыту.

Балалар жұп болып жұмыс істейді. Бір бала тілші ал екіншісі сұхбат беруші болады. Ойыншық микрофонды пайдалану арқылы тілші тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды.

Сұрақ үлгілері:

– Біз бүгін қандай дәстүрмен таныстық?
– Тұсаукесердің мағынасы қандай?
– Балаға қандай тілек айтуға болады?
– Ұлттық дәстүрлерді білу неліктен маңызды?

Балалар рөлдерін алмастыра отырып, бір-біріне сұрақ қояды. Педагог балалардың кезекпен сөйлеуін, жауаптарын мұқият тыңдауын және толық сөйлеммен жауап беруге талпынуын қолдауы қажет.

4.6. Қорытындылау және кері байланыс

Іс-әрекеттің соңында педагог балалармен қысқа әңгімелесу жүргізеді:

– Бүгін қандай дәстүрмен таныстық?
– Тұсаукесер дәстүрі нені білдіреді?
– Балаға қандай жақсы тілек айтуға болады?

Балалар өздерінің есінде қалған жаңа сөзді атайды. Қажет болған жағдайда педагог суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып,көмектеседі. Содан кейін педагог балалардың қатысу белсенділігіне, сөздерді қолдана алуына, сөйлем құрастыра алуына және әңгімелеуіне бақылау жүргізеді. Нақты нәтижелер тек сабақ өткізілгеннен кейін тіркеледі.Осылайша ұсынылған іс-әрекет ұлттық мазмұнды тіл дамыту міндеттерімен байланыстырып, балаларға ойын арқылы сөйлеуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар

Тұсаукесер дәстүрін сөйлеу тілін дамыту мақсатында қолдану кезінде педагогке төмендегі әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады.

Біріншіден, мазмұнды балалардың жас ерекшелігіне сәйкестендіру қажет. Дәстүр туралы түсіндіру қысқаша, нақты және түсінікті тілде болуы керек. Күрделі этнографиялық мәліметтердің орнына баланың күнделікті өмірімен байланысты мысалдар қолданған дұрыс.

Екіншіден, жаңа сөздерді бірнеше әрекет арқылы бекіту өте маңызды. Балалар сөзді тыңдап қана қоймауы керек оны суреттен табуы, атауы, сипаттауы және сөйлемде қолдануы

керек. Бұл сөздің мағынасын түсініп қана қоймай,оны белсенді сөздік қорына енгізуге көмектеседі.

Үшіншіден, балалардың өздігінен сөйлеуіне мүмкіндік беру қажеттілігі. Педагог дайын жауапты бірден айтпай, ойлануға уақыт беріп, бағыттаушы сұрақтар қолданғаны дұрыс. Баланың жауабы толық болмаса, оны қолдап, сөйлемді кеңейтуіне,дұрыстауына көмектескен жөн.

Төртіншіден, дидактикалық ойындарды мақсатқа сай таңдау қажет. Егер сабақтың негізгі мақсаты сөздік қорды байыту болса, онда «Сиқырлы қоржын» ойынына көбірек басымдық беріледі. Байланыстырып сөйлеуді дамыту үшін суреттерді ретімен орналастыру және сурет бойынша әңгіме құрастыру тиімді. Диалогтік сөйлеуге «Тілші бол» ойыны қолайлы. Бесіншіден, ұлттық тәрбиені күнделікті өмірмен байланыстыру маңызды. Ақ тілек айту, үлкенге құрмет көрсету,сыйлау, бір-бірін тыңдау және ізгі сөз қолдану дағдыларын тек бір сабақпен шектемей, күнделікті әрекеттерде де бекіту қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ халқының тұсаукесер дәстүрін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде пайдалану ұлттық құндылықтарды таныстыруға және балалардың сөйлеу тілін дамытуға мүмкіндік береді. Дәстүр мазмұны арқылы балалар отбасыдағы қуанышы, алғашқы қадам, ақ тілек, адалдық және сыйластық сияқты ұғымдармен танысады.

Дидактикалық ойындарды жүйелі және мақсатты қолдану балалардың жаңа сөздерді меңгеруімен қоса оларды сөйлемде қолдануына, сұрақтарға жауап беруіне, оқиғаны ретімен баяндауына және диалогке қатысуына жағдай жасайды. Әсіресе көрнекіліктерге негізделген тапсырмалар, сөйлемді толықтыру, суреттер бойынша әңгімелеу және рөлдік ойындар балалардың тілдік белсенділігін қолдауға бағытталған.

Бұл жұмыста педагогтің рөлі ерекше. Ол балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, еркін сөйлеуге қолайлы орта құруы, баланың жауабын тыңдауы және қажет кезінде бағыттаушы көмек көрсетуі керек. Әр баланың сөйлеу мүмкіндігі әртүрлі болғандықтан, нәтижені тек дұрыс жауап санымен емес, баланың өз ойын жеткізуге талпынысымен және қарым-қатынасқа қатысуымен де қарастырған жөн.

Ұсынылған әдістемелік материал мектепалды тобының тәрбиешілеріне ұлттық мазмұндағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлауда көмекші құрал болып табылады.. Ал дидактикалық ойындардың нақты нәтижелілігін анықтау үшін оларды тәжірибеде қолданып, балалардың сөйлеу дағдыларына жүйелі бақылау жүргізу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы». «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы». «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. «Тұсаукесер». Материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізімі. URL: https://nmrk.kz/structure/scientific-activity/national-list/662/

Тасаева Мадина Аманбайқызы
Тәрбиеші
«Zerek Bala 1» балабақшасы
Алматы қаласы Бостандық ауданы



2–3 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУ

Кіріспе

2–3 жастағы балалар өте белсенді болады. Олар айналасындағы заттарды ұстап, сипап, ойнап, жаңа нәрселерді үйренуге қызығады. Осы жаста баланың қолы мен саусақтарын дамыту өте маңызды.

Ұсақ қол моторикасы дегеніміз – қол мен саусақтардың қимылы. Мысалы, ойыншықтарды ұстау, текшелерді жинау, сурет салу, ермексазды илеу – ұсақ қол моторикасын дамытатын әрекеттер.

Баланың қол саусақтары жақсы дамыса, ол күнделікті әрекеттерді орындауды үйренеді. Сонымен қатар сөйлеуіне, ойлауына және зейінін дамытуға да көмектеседі.

Ұсақ қол моторикасын қалай дамытуға болады?

2–3 жастағы балалар үшін ең тиімді әдіс – ойын арқылы үйрету. Балалар ойын кезінде жаңа нәрселерді тез қабылдайды және қызығушылықпен орындайды. Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту барысында балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, қабылдауын және ойлау белсенділігін жетіледі. Саусақ қимылдарын тақпақтармен, өлеңдермен және қарапайым сөздермен байланыстыра отырып, тілдік қарым-қатынасқа ынталандырамыз. Балаларды тапсырмаларды өз бетінше орындауға, заттарды ұқыпты пайдалануға және бастаған әрекетін аяқтауға үйренеді. Ойын әрекеттері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, танымдық қызығушылығын арттырамыз.

1. **Саусақ ойындары**

Тәрбиешінің көрсетуі бойынша қарапайым саусақ жаттығуларын орындауға дағдыландыру. «Қуырмаш», «Бес саусақ», «Саусақтар серуенге шықты» сияқты ойындар арқылы балалардың саусақ қимылдарын жетілдіру. Ойын барысында қысқа тақпақтар мен өлеңдерді тыңдап, сөздерін қайталауға ынталандыру. Саусақ қимылдары мен сөздерді байланыстыра отырып, балалардың сөйлеу белсенділігін, есту қабілетін және есте сақтауын дамыту. Ұсақ қол моторикасын, қимыл үйлесімділігін және зейінін қалыптастыру. Балаларды ойынға қызығушылықпен қатысуға, тәрбиешімен бірге қимылдарды қайталауға және жағымды эмоция алуға тәрбиелеу.



2. **Ермексазбен ойнау**

Ермексазбен ойнау – 2–3 жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын, саусақтардың икемділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді әдістерінің бірі. Ермексазды қолмен ұстау, жұмсарту, илеу, үзу, домалақтау және жалпақтау арқылы балалардың қол бұлшықеттері жаттығып, саусақ қимылдарының үйлесімділігі қалыптасады. Сонымен қатар балалардың түстерді ажырату, пішіндерді тану, көлемді салыстыру және заттардың қасиеттерін түсіну дағдылары дамиды.

Ойын барысында балаларға ермексаздан доп, алма, бауырсақ, күн, гүл сияқты қарапайым заттарды жасау ұсынылады. Тәрбиеші әр әрекетті көрсетіп, балаларды қайталауға ынталандырады, заттардың атауын айтып, сөздік қорын молайтуға көмектеседі. Ермексазбен жұмыс жасау балалардың зейінін тұрақтандырып, қиялын, дербестігін және тапсырманы орындауға деген қызығушылығын арттырады.

Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, ермексазбен қарапайым әрекеттер жасауға үйрету, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.





3. **Сурет салу**


Балаларға қағаз бен қалың қарындаш беріп, сызықтар мен нүктелер салуды ұсынуға болады. Мысалы, «Жаңбыр жауды» ойынында бала қағазға жаңбыр тамшыларын салады. Бұл қолдың қимылын дамытуға көмектеседі.





4. **Текшелермен ойнау**

Текшелерді бірінің үстіне бірін қою, мұнара жасау және қайта жинау баланың қолын жаттықтырады. Сонымен қатар бала түстерді ажыратуды және заттарды дұрыс орналастыруды үйренеді.




5. **Заттарды бір ыдыстан екінші ыдысқа салу**

Балалар үлкен ойыншықтарды немесе ірі текшелерді бір себеттен екінші себетке салып ойнай алады. Бұл жаттығу қолдың қимылын жақсартып, баланың өздігінен әрекет етуіне көмектеседі.





Тәрбиеші мен ата-ананың рөлі

Баланың қол моторикасын дамытуда тәрбиеші мен ата-ананың көмегі өте маңызды. Олар балаға ойынның орындалу жолын көрсетіп, қажет болған жағдайда көмектесуі керек.

Баланы бірден дұрыс орындауға мәжбүрлемей, өздігінен жасап көруіне мүмкіндік берген жөн. Егер бала тапсырманы дұрыс орындамаса, ұрыспай, қайтадан көрсетіп, қолдау қажет.

Үйде де қарапайым ойындар ұйымдастыруға болады. Мысалы, ермексаз илеу, сурет салу, текшелер жинау немесе саусақ ойындарын ойнау жеткілікті.

Ойын кезінде қауіпсіздікке де көңіл бөлу керек. Ұсақ заттарды балалардың қолына бермеген дұрыс, себебі оларды аузына салып қоюы мүмкін. Барлық ойын ересек адамның бақылауымен жүргізілуі тиіс.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 2–3 жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту өте маңызды. Ол үшін күрделі жаттығулардың қажеті жоқ. Саусақ ойындары, сурет салу, ермексазбен ойнау және текшелер жинау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі пайдалы.

Ең бастысы – баламен күн сайын аз уақыт болса да ойын ойнап, оны мақтап, қолдап отыру. Осындай қарапайым жұмыстар арқылы бала қолын жаттықтырып, жаңа дағдыларды үйренеді.

Баламен бірге ойнау – оның дамуына көмектесудің ең қарапайым әрі қызықты жолы!

Сдержикова Светлана Юрьевна
Воспитатель, педагог-модератор
КГКП Ясли - сад № 5 «Бала әлемі» отдела образования г. Семей
управления образования области Абай



«ГОВОРЯЩАЯ СТЕНА, КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ И САМОСТОЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ»

«Послушайте - Вы забудете,
посмотрите - и Вы запомните,
сделайте – и Вы поймете»
Конфуций.

Современный этап развития дошкольного образования характеризуется быстрым темпом внедрения различных технологий в практику работы детских садов. В связи с этим перед воспитателями встала задача пересмотра приоритета профессиональной деятельности. Главное – не просто передать какие-либо знания, но развить познавательный интерес у детей и осуществить преемственность дошкольного и начального школьного обучения через современные педагогические технологии. Развивающая среда, в том числе пространство детского сада должны идти «в ногу со временем». Перед каждым педагогическим коллективом стоит задача создания комфортной эффективной и безопасной образовательной среды, которая позволит максимально развивать потенциальные возможности детей. Одним из таких сред развития образовательного пространства является технология «Говорящая стена».

Откуда же пришла к нам технология «говорящих стен»?

Впервые человек дал камню «голос» и функцию посредника при передаче информации, сделав первые наскальные рисунки в эпоху палеолита (где-то между 35000 и 150000 лет назад). Рисунки содержали правила и сцены охоты, изображения животных, которые обитали в той или иной местности. Таким образом, стены заговорили на самом раннем рассвете человечества (пещерная живопись, часто ее называют наскальной живописью).

С появлением печати, ростом вербальной коммуникации возникла необходимость не просто фиксировать всю новую и потенциальную полезную информацию, но осуществлять ее смысловую фильтрацию. Так появились объявления, вывески, мемориальные доски. Таким образом, если раньше «Говорящие стены» служили преимущественно для визуально-текстовой поддержки, то теперь «Говорящие стены» взаимодействуют с окружающими их людьми. При этом они не только изменяются людьми, но и изменяют людей в процессе взаимодействия, выступая, таким образом, в роли технологии образования, в том числе дошкольного образования.

Развивающая среда в детском саду должна соответствовать современным условиям. Перед воспитателями стоит задача – как оформить групповую комнату, чтобы в ней было не только уютно, но и интересно детям. Так как воспитанники проводят в детском саду большую часть своего времени, важно, чтобы они хотели приходить сюда снова. Каждый день дети должны себя чувствовать себя здесь комфортно и узнавать много нового. Можно приобрести новомодные игрушки, гаджеты и пособия, но воспитателю необходимо соблюдать принципы построения развивающей среды, поэтому важно пересмотреть взгляды не только на привычный интерьер группы, но и на детскую активность. Основной волнующий вопрос – нехватка пространства, но этот вопрос решается путем частичного переноса образовательного пространства из горизонтали в вертикаль.

Основная идея технологии «Говорящая стена» – преобразование обычной среды пребывания ребенка в «обучающую» и воспитывающую.

«Говорящая стена» – инструмент, который позволяет необычным образом изменить развивающую предметно-пространственную среду, в своеобразный живой экран.

Цель: усвоение, закрепление, расширение знаний, а также развитие коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста

Какие задачи решает интерактивная стена:

- создает условия для игровой, познавательной, творческой активности детей;
- позволяет изменять предметно-пространственную среду с учетом образовательной ситуации;
- развивает внимание, память, мелкую моторику, речь, зрительное и слуховое восприятие, воображение, творческое мышление дошкольников;
- обеспечивает эмоциональный комфорт для детей.

Технология «Говорящая стена» включает в себя развивающую, интерактивную, сенсорную стены в предметно-развивающей среде.

«Говорящая стена» - это:

- центр познавательного развития,
- социально-коммуникативный центр,
- центр художественно-эстетического развития и т.п.

Интерактивная стена дает возможность взрослому и ребенку совместно участвовать в создании окружающей среды, которая может изменяться и легко трансформироваться. «Говорящая стена» используется в совместной деятельности взрослого и ребенка на организованной учебной деятельности, в режимных моментах, самостоятельной деятельности детей. На организованной деятельности использование говорящей стены помогает педагогу ненавязчиво познакомить, изучить, закрепить и расширить полученный детьми опыт. В режимных моментах педагог может делить детей по подгруппам, также работа со стеной может проводиться индивидуально. В самостоятельной деятельности дети имеют возможность действовать, играть.

Составляющие «говорящей стены»: магнитные полоски, доска, ковровое полотно, нарисованный сюжет, прищепки, кармашки, магниты, игры (образцы, схемы, карты – алгоритмы) и игровые фишки. Различные тематические картинки.

Магнитная доска. Одним из главных достоинством магнитной доски является то, что дети учатся получать информацию с вертикальной поверхности. При работе с магнитной доской можно одновременно пользоваться магнитами, мелом и маркерами. Вместо магнитной доски элементом развивающей стены может стать обычная стена с нарисованным сюжетом и небольшими металлическими пластинами. На них легко крепятся фигурки на магнитах.

Бизиборд представляет собой деревянную панель досок с закрепленными на ее поверхности предметами: кнопками, молниями, липучками, звонками, дверными молоточками и так далее. Чем больше различных элементов закреплено на доске, тем более интересна она будет ребенку. Самое ценное объекты бизиборда побуждают дошкольников задавать вопросы: «Почему крутится колесико?», «Что спрятано в кармашке?», «Почему

шарик выкатился из трубы, а кубик – нет?». Такие плоскостные бизиборды можно разместить на стенах на уровне ребенка.

Сенсорная стена или панно. Это особая предметно-развивающая среда, которая представляет собой реальную возможность расширить жизненный опыт детей, обогатить их чувственный мир, развить моторику пальцев, мышление и логику.

Ширма представляет собой вертикальную поверхность, которая может складываться и трансформироваться, несущая в себе познавательно-игровой материал различного содержания (ширмы для сюжетно-ролевых игр, театральной, познавательной деятельности). Это приспособление, которое дает возможность зонирования пространства в группе, она стимулирует на развитие поисково-познавательной деятельности детей.

Как работать с интеллектуальной «Говорящей стеной» выбор педагога. В каждой группе работа учитывает возрастные особенности детей.

Требования и правила создания «Говорящей стены»:

- создание «Говорящей стены» должно проходить при сотрудничестве педагогов, родителей и детей;
- содержание экспозиций «Говорящей стены» должно систематически обновляться;
- место размещения «Говорящей стены» должно быть «закреплено», а элементы должны быть мобильны (смена должна быть определена потребностями участников образовательного процесса (не чаще 1-2 раза в месяц);
- размещенный на развивающей стене материал должен соответствовать санитарным, эстетическим требованиям, а также требованиям государственного стандарта;
- используемые материалы должны быть качественными, прочными, легко обрабатываться и не причинять вред здоровью и безопасности детей;
- учитывать освещение (достаточное для изучения «Говорящей стены»).

Главное преимущество «Говорящей стены» в том, что дети могут самостоятельно в свободное время пользоваться материалами. «Говорящая стена» позволяет учитывать индивидуальные особенности развития ребёнка, интересы. Самостоятельная деятельность детей не должна регламентироваться педагогом. Педагог должен не руководить ребенком, а уважать его интересы, наблюдать, а не вмешиваться. Не навязывать темп выполнения, не предлагать способов решения, не подталкивать к правильному решению, не предлагать его в случае затруднения. Только тогда, интеллектуальная «Говорящая стена» выполнит функцию путеводителя по образовательным маршрутам, которые ребенок выбирает самостоятельно

Таким образом, проанализировав «работу» «Говорящей стены», можно сделать вывод, что дети развиваются разносторонне: у них повышается познавательная активность, наглядно-образное мышление, происходит тренировка памяти в игровых ситуациях с использованием стены. У детей развиваются коммуникативные навыки: тактичность, вежливость, терпимость к собеседнику. В игровой деятельности дети предлагают выполнять различные задания друг другу, придумывают упражнения на развитие логики, мышления, памяти, учатся придумывать правила игры и разрабатывать стратегию своих действий, ведут диалог и сотрудничают со взрослыми и со сверстниками. Дошкольники учатся с помощью установленных правил и норм контролировать свои действия, выполнять простые команды, следовать алгоритму при коммуникации в своей группе.

Используемая литература

1. Воскобович В.В., Вакуленко Л.С. Развивающая предметно-пространственная среда «Фиолетовый лес». – СПб.: ООО «Развивающие игры В.В. Воскобовича», 2017

2. Кудрявцева Е.Л., Шершун С.В. «Говорящие стены»

3. Шакирова Е. Из горизонтали – в вертикаль / Е. Шакирова // Журнал «Дошкольное воспитание» № 09 2017

4. Организуем самостоятельную деятельность детей на развивающей стене // Справочник старшего воспитателя дошкольного учреждения № 9 2016

Сүндетова Айша Саржанқызы
Тәрбиеші
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің “№29 бөбекжайы” жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы



ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚАРАПАЙЫМ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРДЫ КҮНДЕЛІКТІ ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада ерте жастағы, атап айтқанда екі жастағы балалардың бойында адамгершілік құндылықтар мен қарапайым әлеуметтік дағдыларды күнделікті ойын әрекеті арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуы, эмоцияларды тануы, қарапайым ережелерді қабылдауы, өзгенің қажеттіліктеріне назар аударуы және жағымды мінез-құлық үлгілерін меңгеруі ерте жастағы тәрбиенің маңызды бағыттары ретінде сипатталады. Мақалада ойынның тәрбиелік мүмкіндіктері, тәрбиешінің педагогикалық қолдауы, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру, күн тәртібіндегі тәрбиелік жағдаяттарды тиімді пайдалану жолдары талданады. Сонымен қатар «Қуыршаққа қамқорлық», «Ойыншықты бірге жинаймыз», «Допты досыңа ұсын», «Қолымызды жуамыз», «Гүлге қамқор боламыз» сияқты практикалық ойын үлгілері ұсынылады. Баланың жас ерекшелігі мен жеке даму қарқынын ескеруге, мәжбүрлеусіз тәрбиелеуге және отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: ерте жас, адамгершілік тәрбие, әлеуметтік дағдылар, ойын әрекеті, мектепке дейінгі тәрбие, мейірімділік, қамқорлық, қарым-қатынас мәдениеті, эмоционалдық даму, тәрбиеші.

Кіріспе

Баланың тұлғалық дамуының негізі өмірінің алғашқы жылдарында қалыптаса бастайды. Осы кезеңде бала қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсіп, жақын ересектердің әрекеттерін бақылайды, олардың қимылдары мен сөздеріне еліктейді, заттардың қасиеттерін танып, өз қажеттіліктерін білдіруге үйренеді. Екі жастағы баланың әлеуметтік тәжірибесі әлі де шектеулі болғанымен, дәл осы уақытта оның адамдарға деген алғашқы қарым-қатынасы, ортақ әрекетке қатысуы және қарапайым мінез-құлық үлгілерін меңгеруі үшін қолайлы жағдай жасау маңызды.

Адамгершілік тәрбие ұғымын ерте жастағы балаларға қатысты қарастырғанда, оны күрделі моральдық ережелерді жаттатумен немесе баладан саналы түрде ересектерге тән мінез-құлық күтумен шектеуге болмайды. Бұл жаста адамгершілік тәрбиесі күнделікті өмірде

көрінетін қарапайым әрекеттерден басталады. Мысалы, балаға ойыншықты орнына қоюға көмектесу, басқа балаға доп ұсыну, жылап отырған құрдасына тәрбиешімен бірге назар аудару, тамақтанар алдында қол жууға қатысу, өсімдікке ұқыпты қарау сияқты әрекеттер әлеуметтік тәжірибені біртіндеп қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға, қоршаған адамдарға құрметпен қарауға, эмоционалдық жауаптылыққа және адамгершілік қасиеттердің алғашқы көріністерін қалыптастыруға мән береді. Стандартта тәрбиелеу мен оқыту барысында баланың жас, жеке ерекшеліктерін ескеру, жағымды қарым-қатынас орнату және ойын әрекетінің мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі көрсетілген [1]. Бұл талаптар ерте жастағы баланың тәрбиесін оның күнделікті өмірінен бөлек қарастырмай, ойынмен, қарым-қатынаспен және тәжірибелік әрекетпен ұштастырудың маңызын айқындайды.

Ойын баланың қоршаған ортаны тануына ғана емес, әлеуметтік өзара әрекетке қатысуына да мүмкіндік береді. Бірлескен ойын кезінде бала басқа адамның әрекетін байқайды, ересектің көмегімен қарапайым кезектілікті түсіне бастайды, өз тілегін ым-ишарамен немесе сөзбен білдіруге талпынады. Сондықтан тәрбиеші үшін негізгі міндет – баланы дайын ережелерді механикалық орындауға үйрету емес, сол ережелерді түсінуге және күнделікті әрекетте қолдануға жағдай жасау.

Мақаланың мақсаты – екі жастағы балалардың адамгершілік құндылықтары мен қарапайым әлеуметтік дағдыларын күнделікті ойын әрекеті арқылы қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтап, балабақша тәрбиешісіне арналған тиімді әдістер мен практикалық жұмыс үлгілерін ұсыну.

1. Ерте жастағы балалардың әлеуметтік және адамгершілік дамуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Ерте балалық шақ – баланың жеке тұлғалық дамуының, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуының және әлеуметтік мінез-құлықтың алғашқы үлгілерін меңгеруінің маңызды кезеңі. Әсіресе екі жастағы балалар үшін бұл уақыт қоршаған ортаны белсенді танумен, ересектердің әрекеттеріне еліктеумен, эмоциялық байланыстардың нығаюымен және дербестікке ұмтылыстың артуымен сипатталады. Бала айналасындағы адамдардың сөздерін, қимылдарын, дауыс ырғағын және күнделікті әрекеттерін бақылау арқылы әлеуметтік орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысы баланың жас ерекшеліктерін ескеріп, оның эмоциялық, танымдық, тілдік және әлеуметтік дамуын өзара байланысты қарастыруға негізделуі тиіс.

Екі жастағы баланың танымдық әрекеті көбіне нақты заттармен жұмыс істеу, қимыл-қозғалыс және сезімдік тәжірибе арқылы жүзеге асады. Ол ойыншықтарды ұстап көру, орындарын ауыстыру, бір затты екіншісіне салу, ересектің әрекетін қайталау арқылы қоршаған ортаның қасиеттерін түсіне бастайды. Осындай тәжірибе барысында бала әлеуметтік қатынастардың да қарапайым үлгілерін меңгереді. Мысалы, тәрбиешінің ойыншықты орнына қоюын бақылаған бала кейін осы әрекетті қайталауға талпынады. Ересектің басқа балаға көмектескенін көргенде, оның қимылына еліктеп, қуыршаққа немесе ойыншық жануарға қамқорлық көрсетуі мүмкін. Демек, ерте жаста адамгершілік тәрбиесі абстрактілі ұғымдарды түсіндіруден гөрі, күнделікті өмірде байқалатын әрекеттерді көрсету және қайталау арқылы тиімді жүзеге асады.

Бұл кезеңде баланың эмоциялық дамуына ерекше көңіл бөлген жөн. Екі жастағы балалар қуаныш, реніш, қорқыныш, ашулану және қызығушылық сияқты сезімдерін әртүрлі жолдармен білдіреді. Кейбір балалар өз эмоцияларын сөзбен жеткізуге талпынса, басқалары жылау, айқайлау, затты итеру немесе ересекке жақындау арқылы жауап беруі мүмкін. Мұндай реакциялар баланың сезімдерін реттеу және қажеттіліктерін әлеуметтік тұрғыдан қолайлы тәсілдермен білдіру қабілеті әлі дамып келе жатқанын көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші баланың әрекетін бірден теріс бағаламай, оның қандай жағдайда және қандай себеппен осылай әрекет еткенін түсінуге тырысуы керек.

Мысалы, бала сүйікті ойыншығын басқа балаға бергісі келмесе, бұл жағдайды оның өзімшілдігінің белгісі ретінде қарастыру дұрыс емес. Екі жастағы бала үшін ойыншық көбіне өзінің қызығушылығы мен эмоциялық жайлылығына байланысты маңызды зат болып табылады. Ол ортақ пайдаланудың мағынасын, кезек күтудің қажеттілігін және басқа баланың тілегін ескерудің жолдарын әлі толық түсінбеуі мүмкін. Мұндай кезде тәрбиеші «Сен бұл ойыншықпен ойнап отырсың. Әзірге ойнай тұр, содан кейін басқа ойыншықты бірге таңдаймыз» деп, баланың сезімін мойындап, жағдайды шешудің қолжетімді жолын ұсына алады. Осындай сабырлы қолдау арқылы бала өз тілегін білдірудің және өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгереді.

Ерте жастағы әлеуметтік дамудың маңызды шарттарының бірі – бала мен ересек арасындағы сенімді эмоциялық байланыс. Тәрбиеші баланың қажеттіліктеріне уақытылы жауап беріп, оның әрекеттеріне қызығушылық танытып, сөздері мен қимылдарын түсінуге тырысқанда, бала өзін қауіпсіз сезінуге мүмкіндік алады. Қауіпсіздік сезімі баланың жаңа әрекеттерді байқап көруіне, ойынға қатысуына және ересектен көмек сұрауына жағдай жасайды. Мысалы, бала жаңа ойыншықтан қорықса немесе таныс емес әрекетке бірден қосылмаса, тәрбиеші оны мәжбүрлемей, алдымен өзі көрсетіп, кейін баланың қатысуына мүмкіндік бергені дұрыс. Баланың өз қарқынымен әрекет етуіне жағдай жасау оның дербестігін қолдайды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді, олардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуына жағдай жасауды көздейді [1]. Осы талаптарға сәйкес тәрбиеші балалардың эмоциялық күйін, қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін және күнделікті әрекетке қатысу мүмкіндіктерін назарда ұстауы қажет. Әлеуметтік-эмоционалдық даму баланың тек өз сезімін білдіруімен шектелмейді. Ол біртіндеп басқа адамдардың әрекеттеріне назар аударуды, ересектің көмегімен қарапайым ережелерді қабылдауды және жағымды қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауды да қамтиды.

Адамгершілік құндылықтарды ерте жаста қалыптастыруда мейірімділік, қамқорлық, сыйластық, ұқыптылық және жауапкершілік сияқты ұғымдарды баланың күнделікті тәжірибесіне енгізу маңызды. Алайда бұл құндылықтар екі жастағы балада ересек адамға тән толық қалыптасқан қасиеттер ретінде көрінбейді. Олар алдымен қарапайым әрекеттер мен ересектерге еліктеу арқылы байқалады. Мәселен, бала қуыршақты көрпемен жабу, ойыншық ыдыстан тамақтандыру, гүлге су құю немесе пайдаланған затын тәрбиешімен бірге жинау арқылы қамқорлық пен ұқыптылықтың алғашқы тәжірибесін алады. Ал басқа балаға допты домалату немесе тәрбиешінің көмегімен ойыншық ұсыну әлеуметтік әрекетке қатысудың қарапайым үлгісі бола алады.

Мұндай әрекеттерді ұйымдастыру кезінде тәрбиешінің қолданатын тілі де маңызды рөл атқарады. Екі жастағы балаларға қысқа, нақты және түсінікті сөз тіркестерін қолданған тиімді. «Ойыншықты орнына қоямыз», «Допты досыңа ұсынайық», «Гүлді ақырын ұстаймыз», «Қолымызды жуамыз» сияқты сөйлемдер баланың әрекет пен сөз арасындағы байланысты түсінуіне көмектеседі. Сонымен қатар «бер», «ал», «тағы», «көмектес», «рақмет» сияқты сөздерді күнделікті жағдайда қолдану баланың тілдік белсенділігін және әлеуметтік қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қолдайды. Егер бала сөзбен жауап бере алмаса, оның ым-ишарасын, көзқарасын немесе әрекет арқылы білдірген ниетін де қарым-қатынас формасы ретінде қабылдау қажет.

Баланың әлеуметтік дамуы біркелкі жүрмейтінін де ескеру керек. Бір бала құрдастарының жанында еркін ойнаса, екіншісі көбіне ересекпен әрекеттесуді таңдауы мүмкін. Кейбір балалар ортақ ойынға тез қосылса, басқаларына бақылап отыруға және ортаға үйренуге көбірек уақыт қажет болады. Мұндай айырмашылықтар баланың даму қарқынына, темпераментіне, тілдік мүмкіндіктеріне және бұрынғы әлеуметтік тәжірибесіне байланысты болуы ықтимал. Сондықтан тәрбиеші балаларды өзара салыстырмай, әрқайсысының жеке

жетістігін бақылағаны жөн. Баланың бүгін тәрбиешінің көмегімен орындаған әрекетті ертең өздігінен қайталауы оның дамуындағы маңызды қадам болып саналады.

Адамгершілік тәрбиесінде жағымды үлгі көрсету, қайталану және эмоциялық қолдау өзара байланыста болуы керек. Егер тәрбиеші баладан ойыншықты ұқыпты пайдалануды талап етсе, өзі де ойын материалдарына ұқыпты қарауы қажет. Егер балаларды сыпайы қарым-қатынасқа үйретсе, ересектердің өзара сөйлесу мәдениеті де осы талапқа сәйкес болуы тиіс. Бала ересектің іс-әрекетін бақылай отырып, әлеуметтік мінез-құлықтың нақты үлгілерін қабылдайды. Ал күнделікті қайталанатын жағымды әрекеттер оның тәжірибесін кеңейтіп, қарапайым ережелерді біртіндеп меңгеруіне мүмкіндік береді.

Осылайша, ерте жастағы балалардың әлеуметтік және адамгершілік дамуы – баланың эмоциялық қажеттіліктерін ескеруді, сенімді қарым-қатынас орнатуды, жағымды әрекеттерді үлгі етуді және ойын арқылы тәжірибе жинақтауын қажет ететін күрделі педагогикалық үдеріс. Екі жастағы балалардан барлық жағдайда тәртіпті болуды, ойыншықтарын міндетті түрде бөлісуді немесе өз сезімдерін толық басқара білуді талап ету олардың даму ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Негізгі міндет – балаға қарапайым әлеуметтік ережелерді түсінуге, өз қажеттіліктерін білдіруге, ересектің көмегімен өзге адамдармен әрекеттесуге және жағымды мінез-құлық үлгілерін қайталауға мүмкіндік беру. Осындай жүйелі әрі қолдаушы тәрбие ортасы баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және адамгершілік құндылықтардың алғашқы көріністерін меңгеруіне негіз болады.

2. Адамгершілік құндылықтарды ойын арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері

Ойын – ерте жастағы баланың табиғи белсенділігінің маңызды түрі. Ойын барысында бала заттардың қасиеттерін зерттеп, әрекеттерді қайталайды, ересектердің қимылдарына еліктейді және қоршаған ортадағы қарапайым байланыстарды түсінуге талпынады. Егер тәрбиеші ойын мазмұнына әлеуметтік қарым-қатынастың қарапайым үлгілерін енгізсе, ойын баланың адамгершілік тәрбиесі мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға қолайлы ортаға айналады.

АҚШ-тағы Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің ұлттық қауымдастығы (NAEYC) жас ерекшелігіне сай педагогикалық тәжірибеде ойынға негізделген, баланың қызығушылығы мен даму ерекшеліктерін ескеретін оқыту тәсілдерін қолдайды. Ұйымның тұжырымдамасында ойынның танымдық, дене, әлеуметтік және эмоциялық даму салаларын өзара байланыстыратыны атап көрсетіледі [3]. Бұл қағида екі жастағы балалармен жұмыста да маңызды: бала ойыншықты жай ғана ұстап қоймай, онымен әрекеттесу арқылы қарым-қатынас жасауды, өз қалауын білдіруді және ересек ұсынған қарапайым үлгіні қайталауды үйрене алады.

UNICEF пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әзірлеген *Care for Child Development* материалдары ерте жастағы баланың дамуын қолдауда ойын мен қарым-қатынастың маңызын көрсетеді. Бұл тәсіл ересектерге баланың әрекетін бақылауды, оның белгілерін түсінуді және қажеттілігіне сәйкес жауап беруді ұсынады [2]. Осы ұстанымды балабақша тәжірибесіне енгізгенде тәрбиеші баланың орнына барлық әрекетті орындамайды, керісінше, оның бастамасын қолдап, қажет болғанда ғана көмек береді.

Адамгершілік тәрбиесіне бағытталған ойындарды ұйымдастыруда бірнеше әдістемелік қағиданы сақтау қажет. Біріншісі – жас ерекшелігіне сәйкестік. Екі жастағы балаларға ойын шарты бір немесе екі қарапайым әрекеттен тұрғаны дұрыс. Екіншісі – көрнекілік пен үлгі көрсету. Тәрбиеші әрекетті сөзбен ғана түсіндірмей, өзі көрсетіп, баланың қайталауына мүмкіндік береді. Үшіншісі – эмоциялық қолдау. Баланың кішкентай талпынысы да байқалып, нақты сөзбен мадақталады. Төртіншісі – қайталану. Бір дағды әртүрлі күнделікті жағдайда қайталанғанда ғана баланың тәжірибесіне біртіндеп енеді. Бесіншісі – мәжбүрлемеу. Бала ойынға бірден қосылмаса, оған бақылаушы болуға немесе кейінірек қатысуға мүмкіндік беріледі.

Мысалы, «Допты досыңа ұсын» ойынында балалар ересектің көмегімен допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші «Енді допты Әлиге жіберейік», «Доп саған келді», «Қане, досыңа

ұсынайық» деп қысқа нұсқаулар береді. Мұндағы мақсат – балаларды бірден толыққанды бірлескен ойынға мәжбүрлеу емес, басқа адамға назар аудару және кезектесіп әрекет ету тәжірибесін қалыптастыру.

Ойынның тәрбиелік әсері оның атауына ғана емес, ұйымдастырылу тәсіліне байланысты. Егер тәрбиеші ойын барысында баланы жиі сынап, салыстырып немесе ұялтса, ойынның жағымды эмоциялық мүмкіндігі төмендейді. Ал сабырлы түсіндіру, әрекетті көрсету, таңдау ұсыну және талпынысты қолдау баланың белсенді қатысуына жағдай жасайды. Демек, ойын арқылы адамгершілік тәрбиесін ұйымдастыру тәрбиешіден мақсатты жоспарлауды, баланың әрекетін байқауды және нақты жағдайға бейімделуді талап етеді.

3. Күнделікті ойын әрекеті арқылы әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру әдістері

Екі жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін міндетті түрде арнайы ұйымдастырылған ұзақ сабақ өткізу қажет емес. Көп жағдайда ең тиімді мүмкіндіктер күн тәртібінің табиғи кезеңдерінде пайда болады. Баланы қарсы алу, киімін шешуге көмектесу, қол жуу, тамақтану, серуендеу, ойыншықтарды жинау және үйге қайтуға дайындалу барысында тәрбиеші қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын қысқа ойындар мен әрекеттерді қолдана алады.

«Сәлем, досым!» ойыны. Балалар топқа келгенде тәрбиеші әрқайсысын жылы жүзбен қарсы алып, «Сәлеметсің бе!», «Келгеніңе қуаныштымын» деген қарапайым сөздерді қолданады. Баланың жауап беруі міндетті түрде сөз түрінде болуы шарт емес: ол қол бұлғауы, күлімсіреуі немесе тәрбиешіге жақындауы мүмкін. Уақыт өте келе бала амандасу үлгісін қайталауға талпынады. Бұл әрекет топқа бейімделуге және жағымды қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

«Ойыншықты орнына қоямыз» ойыны. Ойын аяқталған кезде тәрбиеші балаларға ойыншықтарға арналған себеттерді көрсетеді. «Машинаны мына себетке салайық», «Қуыршақты орнына қоямыз» деген қысқа нұсқаулар арқылы балаларды жинау үдерісіне қатыстырады. Бала барлық затты өз бетімен жинамаса да, бір ойыншықты орнына қоюы маңызды қадам болып саналады. Бұл әрекет заттарға ұқыпты қараудың және ортақ кеңістікке қатысудың алғашқы тәжірибесін қалыптастырады.

«Қуыршаққа қамқорлық» ойыны. Тәрбиеші қуыршақты ұйықтатуды, көрпемен жабуды, ойыншық ыдыстан тамақтандыруды немесе киімін реттеуді көрсетеді. «Қуыршақ шаршады», «Оны ақырын жабайық», «Қуыршаққа көмектесейік» деген сөздер арқылы қамқорлық әрекеттерін үлгі етеді. Балалар ойыншыққа күтім жасауды қайталай отырып, ересектердің күнделікті әрекеттерін меңгереді. Бұл ойында баланың сезімі туралы күрделі қорытынды жасату емес, қамқорлықтың қарапайым әрекеттерін тәжірибеден өткізу көзделеді.

«Допты досыңа ұсын» ойыны. Балалар ересектің көмегімен допты бір-біріне домалатады. Егер бала допты бергісі келмесе, тәрбиеші оны мәжбүрлемей, екінші доп ұсынуы немесе кезекпен ойнауды өзі көрсетуі мүмкін. Осылайша бала ортақ әрекетке қатысудың қарапайым тәсілдерімен танысады.

«Қолымызды жуамыз» ойыны. Қол жуу алдында тәрбиеші балаларға әрекеттердің ретін көрсетеді: суды қосу, қолды сулау, сабындау, шаю және құрғату. Қимылдарды қысқа өлеңмен немесе ырғақты сөздермен сүйемелдеуге болады. Бұл ойын мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытумен қатар, өзіне қамқорлық жасаудың күнделікті тәжірибесін қалыптастырады. Су мен сабынды қолдану кезінде қауіпсіздік пен ересек бақылауы міндетті түрде қамтамасыз етіледі.

«Гүлге қамқор боламыз» ойыны. Балалар тәрбиешімен бірге өсімдікті бақылайды, жапырақтарын ұстамай, абайлап қарауды және шағын сукүйғышпен су құюды үйренеді. Тәрбиеші «Гүлді жұлмаймыз», «Жапырағын ақырын ұстаймыз», «Өсімдікке су керек» деген қысқа түсіндірмелер береді. Бұл әрекет табиғатқа ұқыпты қараудың алғашқы тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі.

Аталған ойындарды күн сайын бірдей тәртіппен, бірақ баланың қызығушылығы мен жағдайына қарай икемдеп қолданған жөн. Әр ойынның ұзақтығы балалардың зейін тұрақтылығына сай анықталады. Егер бала шаршаса, қызығушылығын жоғалтса немесе қатысудан бас тартса, ойын қысқартылып, басқа уақытта жалғастырылады. Негізгі өлшем –

тапсырманың толық орындалуы емес, баланың жағымды әрекетке ерікті түрде қатысуы және оны қайталауға мүмкіндік алуы.

4. Тәрбиешінің педагогикалық қолдауы және дамытушы ортаны ұйымдастыру

Ерте жастағы балалардың адамгершілік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда тәрбиешінің жеке үлгісі ерекше орын алады. Балалар ересектердің сөзін ғана емес, олардың дауыс ырғағын, қимылын, өзге адамдарға қарым-қатынасын және күнделікті әрекеттерін де бақылайды. Сондықтан тәрбиеші өзі сыпайы сөйлеп, балалардың сөзін бөлмей тыңдап, ойыншықтарды ұқыпты пайдаланып, қиындық туындаған кезде сабыр сақтаса, балаға әлеуметтік мінез-құлықтың нақты үлгісін ұсынады.

Тәрбиешінің қолдауы баланың әрекетін түгелдей басқарумен тең емес. Ересек адам баланың дербестігін дамыту үшін жеткілікті уақыт беріп, қажет кезде ғана бағыттауы керек. Мысалы, бала ойыншықты себетке салуға талпынып жатса, тәрбиеші оны бірден қолынан алып, өзі жинап қоймауы тиіс. Оның орнына «Қане, бірге салып көрейік» деп, себетті жақындатып, әрекетті орындауға мүмкіндік береді. Бала қиындыққа тап болғанда көмек көлемін реттеу оның өз күшіне сенуіне ықпал етеді.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру да маңызды. Топ бөлмесінде ойыншықтарға арналған қолжетімді сөрелер, белгіленген себеттер, қуыршақтарға күтім жасауға арналған қауіпсіз бұрыш, кітаптар мен суретті карточкалар, ірі бөлшекті құрастыру материалдары болуы мүмкін. Материалдар балалардың жасына сай, қауіпсіз және пайдалануға ыңғайлы болуы керек. Ұсақ бөлшектерді жұтып қою қаупі бар заттар екі жастағы балалардың еркін қолжетімділігінде болмауы тиіс.

Ойын ортасы балаларға тек жеке әрекет етуге ғана емес, басқа балалардың жанында ойнауға да мүмкіндік бергені жөн. Мысалы, бір үстелде екі бала үлкен бөлшектерден мұнара құрастырып, әрқайсысы өз бөлшектерін орналастыра алады. Тәрбиеші олардың әрекетін салыстырмай, «Сен қызыл бөлшекті қойдың, ал досың көк бөлшекті таңдады» деп сипаттайды. Егер балалар бір материалға қызығушылық танытса, ересек кезекпен қолдануды көрсетеді немесе ұқсас екінші материалды ұсынады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты дамытушы ортаның қауіпсіз, қолжетімді және баланың белсенділігіне мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуын, сондай-ақ тәрбиелеу мен оқытуда баланың жеке қажеттіліктерін ескеруді көздейді [1]. Осы талапқа сәйкес тәрбиеші ойын материалдарын балалардың жасына және нақты мүмкіндіктеріне қарай іріктеп, топтағы барлық баланың қатысуына жағдай жасауы қажет.

Әдістемелік жұмыста қысқа әрі түсінікті тіл қолдану тиімді. «Бұлай істеуге болмайды!» деген жалпылама ескертудің орнына «Ойыншықты ақырын қоямыз», «Досыңның қолын тартпаймыз», «Допты жерге домалатамыз» деген нақты нұсқаулар берген дұрыс. Баланың жағымды әрекетін мадақтағанда да мінезіне жалпы баға беруден гөрі әрекетін атап көрсету пайдалы: «Сен ойыншықты орнына қойдың», «Сен допты досыңа домалаттың», «Сен гүлге ақырын су құйдың».

Сонымен қатар тәрбиеші баланың жеке даму ерекшеліктеріне құрметпен қарауы керек. Қарым-қатынасқа бірден қосылмайтын, сөйлеу мүмкіндігі шектеулі немесе жаңа ортаға бейімделіп жүрген балаға қосымша уақыт қажет болуы мүмкін. Оны басқа балалармен салыстыру, ұялту немесе мәжбүрлеу орнына, баланың қолжетімді әрекетін қолдап, біртіндеп қатысуына жағдай жасау педагогикалық тұрғыдан орынды.

5. Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастықтың маңызы

Ерте жастағы баланың әлеуметтік дағдылары балабақшада ғана қалыптаспайды. Отбасындағы қарым-қатынас, ересектердің күнделікті мінез-құлқы, баланың тілегіне берілетін жауап және үйдегі күн тәртібі де оның әлеуметтік тәжірибесіне ықпал етеді. Сондықтан тәрбиеші мен ата-ана арасында өзара түсіністік орнату адамгершілік тәрбиесінің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Отбасымен жұмыстың негізгі мақсаты – ата-аналарға қосымша міндет жүктеу емес, үй жағдайында орындалатын қарапайым тәрбиелік әрекеттердің маңызын түсіндіру. Мысалы, баламен бірге ойыншықтарды жинау, сырт киімін орнына қоюға көмектесу, тамақ алдында

қол жуу, отбасы мүшелерімен амандасу, кітапты ұқыпты ұстау және өсімдікке күтім жасау күнделікті өмірдің табиғи бөлігіне айналуы мүмкін. Мұндай әрекеттер арнайы сабақ ұйымдастыруды қажет етпейді, бірақ ересектің тұрақты үлгісі мен қолдауын талап етеді.

UNICEF пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының *Care for Child Development* материалдарында ересектің баламен ойнауы, қарым-қатынас жасауы, оның белгілерін байқап, тиісті жауап беруі ерте дамуды қолдаудың маңызды элементтері ретінде қарастырылады [2]. Бұл қағида отбасы мен балабақшадағы тәрбиелік ықпалды үйлестіру үшін де пайдалы. Үйде және балабақшада қолданылатын сөздер мен қарапайым әрекеттер бір-біріне қайшы келмеген жағдайда бала оларды түсініп, қайталауға көбірек мүмкіндік алады.

Тәрбиеші ата-аналарға қысқа кеңестер, жеке әңгімелесу, ақпараттық парақша немесе күнделікті бақылау нәтижелерін талқылау арқылы қолдау көрсете алады. Мысалы, «Балаға ойыншықты бірге жинауды қалай үйретеміз?», «Екі жастағы балаға кезек күтуді қалай көрсетеміз?», «Бала басқа ойыншықты бергісі келмесе не істейміз?» деген тақырыптар ата-аналар үшін тәжірибелік тұрғыдан пайдалы. Кеңестерде баланың жасына сай келмейтін талаптардан бас тарту, жағымды үлгі көрсету және оның сезімдерін ескеру қажеттігі түсіндіріледі.

Баланың ойыншығын бөліскісі келмеген жағдайында ата-ана оны бірден «сараң» деп бағаламауы керек. Оның орнына «Сен бұл ойыншықпен ойнап отырсың. Ойының аяқталған соң, оны басқа балаға ұсынуға болады» деп түсіндіруге болады. Бұл баланың жеке қажеттілігін мойындаумен қатар, ортақ пайдаланудың қарапайым жолын көрсетеді. Екі жастағы бала кезек күту немесе бөлісу дағдысын бірден тұрақты меңгермеуі мүмкін, сондықтан мұндай әрекеттерді шыдамдылықпен қайталау қажет.

Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық баланы бірдей тәртіпке күштеп бағындыру дегенді білдірмейді. Әр отбасының өмір салты мен мүмкіндіктері әртүрлі болғандықтан, тәрбиеші ата-ананың жағдайын ескеріп, қолжетімді ұсыныстар беруі тиіс. Ең маңыздысы – баланың қажеттіліктерін құрметтеу, қауіпсіздік пен мейірімділікті сақтау және жағымды мінез-құлық үлгілерін күнделікті өмірде көрсету.

6. Педагогикалық бақылау және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын бағалау

Ерте жастағы балалармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстың нәтижесін бағалау кезінде баланың әрекетін бір реттік жағдай бойынша қорытындылауға болмайды. Екі жастағы баланың көңіл күйі, ұйқысы, денсаулығы, жаңа ортаға бейімделуі және ересекпен қарым-қатынасы оның ойынға қатысуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан тәрбиеші әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын бірнеше күн немесе апта бойы әртүрлі күнделікті жағдаяттарда бақылап, баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Бақылаудың мақсаты – балаларды өзара салыстыру немесе оларды «тәртіпті» және «тәртіпсіз» деп бөлу емес. Оның мақсаты – әр баланың қандай әрекетті өздігінен орындай алатынын, қай кезде ересектің көмегіне мұқтаж екенін және келесі кезеңде қандай қолдау қажет болатынын анықтау. Мұндай тәсіл педагогке тәрбиелік жұмысты нақты қажеттіліктерге сәйкес жоспарлауға мүмкіндік береді.

Бақылау кезінде мынадай әрекеттерге назар аударуға болады:

- бала тәрбиешінің амандасу үлгісіне сөзбен немесе қимылмен жауап бере ме;
- ойыншықтарды жинауға өз еркімен немесе ересектің көмегімен қатыса ма;
- ортақ ойын барысында басқа балаға назар аудара ма;
- ересектің көмегімен допты кезектесіп домалатуға қатыса ала ма;
- өзінің қажеттілігін сөзбен, дыбыспен немесе ым-ишарамен білдіре ме;
- күнделікті гигиеналық әрекеттерге қатысуға талпына ма;
- өсімдіктер мен ойыншықтарға ұқыпты қараудың үлгісін қайталай ма.

Бұл көрсеткіштерді қатаң норматив немесе диагностикалық құрал ретінде қарастыруға болмайды. Олар тәрбиешінің педагогикалық бақылауын жүйелеуге арналған мысалдар ғана. Балалардың даму қарқыны әртүрлі болғандықтан, көрсеткіштерді топтың және әр баланың нақты ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу қажет.

Практикалық тұрғыдан бақылау нәтижесін үш сипаттамамен тіркеуге болады: «өздігінен орындайды», «ересектің көмегімен орындайды», «әзірге тұрақты байқалмайды». Соңғы сипаттама баланың дағдыны ешқашан меңгере алмайтынын білдірмейді; тек бақылау кезеңінде аталған әрекеттің тұрақты көрінбегенін көрсетеді. Мысалы, бала кей күндері ойыншықты өздігінен жинап, басқа күндері тәрбиешінің көмегіне мұқтаж болуы мүмкін. Мұндай айырмашылықтар жас ерекшелігіне сай ескерілуі керек.

Бақылау нәтижесіне сүйене отырып, тәрбиеші келесі жұмыс бағытын белгілейді. Егер бала ойыншық жинауға қатыспаса, тапсырманы жеңілдетіп, бір ғана затты орнына қоюдан бастауға болады. Егер ортақ ойынға қосылуы қиын болса, алдымен ересекпен жеке ойнап, кейін бір баламен қатар әрекет ету ұсынылады. Егер бала өз тілегін білдіруде қиналса, тәрбиеші қарапайым сөздер мен ым-ишараны үлгі етіп, оның жауабына уақыт береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлауды және білім беру қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетуді көздейді [1]. Осыған сай педагогикалық бақылау баланы бағалау үшін ғана емес, тәрбиешінің әдісін жетілдіру үшін де пайдаланылуы қажет.

Жүйелі бақылау арқылы тәрбиеші қандай ойындардың балаларды көбірек қызықтыратынын, қандай нұсқаулардың түсінікті екенін және қай дағдыларға қосымша қолдау қажет екенін анықтай алады. Нәтижесінде адамгершілік тәрбиесі жалпы сипаттағы ұрандардан нақты әрекеттерге көшіп, әр баланың күнделікті тәжірибесіне бейімделеді.

Қорытынды

Ерте жастағы балалардың бойында адамгершілік құндылықтар мен қарапайым әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру – жүйелілікті, шыдамдылықты және баланың даму ерекшеліктеріне құрметпен қарауды қажет ететін педагогикалық үдеріс. Екі жастағы балаларға мейірімділік, қамқорлық, сыйластық және жауапкершілік сияқты ұғымдарды күрделі түсіндіру арқылы меңгерту қиын. Сондықтан бұл құндылықтардың алғашқы көріністері нақты әрекеттер, ересектердің үлгісі, күнделікті қарым-қатынас және ойын арқылы қалыптастырылғаны жөн.

Мақалада қарастырылған теориялық тұжырымдар мен практикалық әдістер ойынның баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. «Қуыршаққа қамқорлық», «Ойыншықты бірге жинаймыз», «Допты досыңа ұсын», «Қолымызды жуамыз» және «Гүлге қамқор боламыз» сияқты ойындар балаларды қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, қарапайым ережелерді қабылдауға және ересектермен, құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға бағыттайды. Ойындардың нәтижелілігі олардың күрделілігіне емес, баланың қызығушылығына сәйкестігіне, қайталануына және тәрбиешінің қолдауына байланысты.

Тәрбиешінің міндеті – барлық баладан бірдей мінез-құлықты бір мезетте талап ету емес, әр баланың мүмкіндігіне қарай дамуына жағдай жасау. Баланың сезімдерін мойындау, қысқа әрі түсінікті нұсқаулар беру, жағымды әрекетті нақты атап мадақтау және мәжбүрлеуден аулақ болу әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын қолдайды. Сонымен бірге қауіпсіз әрі қолжетімді дамытушы орта құру, отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту және педагогикалық бақылау жүргізу тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Адамгершілік тәрбиесінің нәтижесі баланың бір күнде барлық ережені меңгеруімен өлшенбейді. Оның нәтижесі күнделікті өмірде байқалатын шағын өзгерістерден көрінеді: баланың ойыншықты орнына қоюға қатысуы, басқа балаға назар аударуы, ересектің көмегімен кезектесіп ойнауы, өз қажеттілігін білдіруге талпынуы және қамқорлық әрекеттерін қайталауы. Осындай шағын жетістіктерді жүйелі қолдау арқылы баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне және жағымды қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауына мүмкіндік жасалады.

Қорыта айтқанда, күнделікті ойын әрекеті арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру – ерте жастағы балаларға түсінікті, олардың табиғи белсенділігіне сәйкес келетін және балабақшаның күн тәртібіне кіріктіруге болатын әдістемелік бағыт. Тәрбиеші ойынға мақсатты педагогикалық мазмұн енгізіп, баланың бастамасын қолдаған жағдайда, қарапайым жағымды әрекеттер біртіндеп әлеуметтік тәжірибенің құрамдас бөлігіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы*. 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрық. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

2. World Health Organization, UNICEF. *Care for Child Development: Improving the Care of Young Children*. Geneva: World Health Organization, 2012. https://www.unicef.org/documents/care-child-development

3. National Association for the Education of Young Children (NAEYC). *Developmentally Appropriate Practice (DAP): Position Statement*. https://www.naeyc.org/resources/position-statements/dap/definition

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы*. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ И ПРОСТЕЙШИХ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ ПОВСЕДНЕВНОЙ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы формирования нравственных ценностей и простейших социальных навыков у детей раннего возраста, в частности двухлетних детей, посредством повседневной игровой деятельности. Адаптация ребенка к социальной среде, установление взаимоотношений со взрослыми и сверстниками, распознавание эмоций, усвоение простейших правил поведения, проявление внимания к потребностям окружающих и освоение положительных моделей поведения рассматриваются как важнейшие направления воспитания детей раннего возраста. В статье анализируются воспитательные возможности игры, педагогическая поддержка воспитателя, организация развивающей предметно-пространственной среды и эффективные способы использования воспитательных ситуаций в повседневном режиме дня. Кроме того, предлагаются практические игровые примеры, такие как «Забота о кукле», «Вместе убираем игрушки», «Передай мяч другу», «Моем руки» и «Заботимся о цветах». Особое внимание уделяется учету возрастных особенностей и индивидуального темпа развития ребенка, воспитанию без принуждения, а также обеспечению преемственности между семьей и дошкольной организацией.

Ключевые слова: ранний возраст, нравственное воспитание, социальные навыки, игровая деятельность, дошкольное воспитание, доброта, забота, культура общения, эмоциональное развитие, воспитатель.

Бердимуратова Альфия Куанышбаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"№29 бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы



«ЖАС ЭКОЛОГТАР-ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ» (В.ВОСКОБОВИЧТІҢ КҮЛГІН ОРМАН ЕРТЕГІСІ ЖЕЛІСІМЕН)

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Мақсаты: Балаларға жанды-жансыз табиғат айырмашылықтарын, табиғатты қорғау ережелерін түсіндіру. Логикалық ойлауын, тапқырлығын және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көп-аз, үлкен кіші ұғымдарын бекіту.

Дамытушылық: Күлгін ормандағы тапсырмаларды орындау арқылы, кеңістікті бағдарлап, қисынды ойлауын, зейінін дамыту.

Тәрбиелік: Достыққа, табиғатты аялауға, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Ергежейлі Зелеге көмектесу арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Воскобовичтің күлгін орман кейіпкері Зеле , қоқысты сұрыптауға арналған контейнерлер, жанды-жансыз табиғатқа байланысты суреттер, қылқалам, гуашь, салфетка, губка, моншақтар, жұмыртқа қорабы, картон, ермексаз

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ЖИ,

Ұйымдастыру кезеңі:

-Тәрбиеші: -Балалар бүгін ерекше күн, тобымызға қонақтар келіпті, амандасып алайық.

-Балалар: Саламатсыздар ма!

-Тәрбиеші: Балалар көңіл-күйлерің қалай?

-Балалар: Тамаша

-Тәрбиеші: Көтеріңкі көңіл күймен қонақтарға «Күз келгенде» әнін орындап берейік

-Балалар: Күз келгенде балалар
Жаңбыр жерге жауады,
Күз келгенде балалар
Аспанды бұлт жабады
Сатыр-гүтір, сатыр-гүтір
Жаңбыр солай жауады.

-Тәрбиеші: Балалар экранға назар аударайық:

-Балалар экранға қарап мультфильм тамашалайды.

«Күлгін орманнан» Зеле ергежейлі шығып балалардан көмек сұрайды.

Ертеде, біз білетін әлемнен тыс жерде, сиқырлы «Күлгін орман» болыпты. Бұл орманда ағаштар күлгін, шөптер көгілдір, ал гүлдері адам айтса нанғысыз әдемі болып өседі екен. Онда кішкентай Малыш Гео, ақылды Юк өрмекшісі және табиғаттың нағыз жанашыры -Зеле ергежейлі өмір сүріпті.

Зеле ергежейлі күн сайын таңертең тұрып, орманды аралайды екен. Ол «Ғажайып гүлдер алаңындағы» өсімдіктерге су құйып, «Көгілдір бұлақтың» суын тазалап, құстар мен жәндіктердің амандығын бақылайды екен. Орман тұрғындары өте бақытты өмір сүріпті.

Бір күни Күлгін орманға басқа жақтан ешқандай ережені білмейтін, бейтаныс қонақтар келеді. Олар орманның сұлулығына қызығып, алаңқайға демалуға отырады. Бірақ, олар табиғатты қорғауды білмейді екен:

• Жолдарындағы әдемі сиқырлы гүлдерді жұлып, жерге тастайды.

• Тәттілерді жеп, қағаздарын, пластик шөлмектерін . Көгілдір бұлақтың ішіне лақтырады.

• Ағаштардың бұтақтарын сындырып, қатты айғайлап, құстарды үркітеді.

Қонақтар кеткеннен кейін Күлгін орман мүлдем өзгеріп кетеді. Гүлдер солып, бұлақтың суы лайланып, мөлдір болмай қалады. Орман мұңайып, күңгірт тартып кетеді.

Мұны көрген Зеле ергежейлі қатты ренжіп, жылап жібереді. «Егер біз орманды құтқармасақ, біздің сиқырлы үйімізде орман да құриды!» — дейді ол.

-Тәрбиеші: Балалар Зелеге орманды құтқаруға көмектесеміз бе?

-Балалар: Әрине көмектесеміз.

1.«Қоқысты сұрыптау» дидактикалық ойыны:

Орманда шашылып жатқан қоқыстарды (пластик шөлмектер, қағаздар, алма қалдықтары) жинап, 3 түрлі жәшікке сұрыптап салуды ұсынамын: Балалар шашылған қоқыстарды белсенді түрде жинайды. Қағазды сары жәшікке, пластикті қызыл жәшікке, жасыл жәшікке шынының, көк жәшікке темірді ереже бойынша дұрыс сұрыптап салады.

2. «Жанды-жансыз табиғат» дидактикалық ойыны: Зеле ергежейлі күлгін ормандағы үлкен көбелек мұңайып тұр. Себебі оның қанаттарында ешқандай өрнек жоқ, түссіз болып қалыпты, жанды –жансыз табиғатты екіге бөліп қанаттарына жапсырып беріңдерші.

Жанды табиғат- тыныс алады, өседі, өнеді, көбейеді. (Адамдар, аңдар, жануарлар, ағаштар, гүлдер, өсімдіктер)

Жансыз табиғат- бұлар өспейді, тамақтанбайды, тыныс алмайды. Бірақ жанды табиғаттың өмір сүруіне аса қажет. (Күн, ауа, су, тас, өзен, көл, тау, ай, жұлдыз)

-Балалар көбелек қанатына жанды-жансыз табиғатты орналастырады.

-Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы көбелегіміз қандай құлпырып кетті! Егер біз тек қана бір қанатын ғана толтырып, екінші қанатын бос қалдырсақ, көбелек ұша ала ма?

-Балалардың жауабы: Ұша алмайды.

-Тәрбиеші: Табиғатта дәл осылай: жанды табиғат, жансыз табиғатсыз өмір сүре алмайды. Олар көбелектің қос қанаты сияқты бірге болады.

Сергіту сәті: «Тамшы-тамшылар»

3.Қоқыстарға екінші өмір сыйла

- Күздік ағаш бейнесін жасау бакалашкадан
- Жұмыртқа қорабынан жұлдызқұрт
- Картон қораптан күздік көкөністер мен жемісті қиып, үстіне ермексаз жапсыру.
- Бұлт жасау, (мүсіндеуге арналған массаны жұмыртқа қорабынан алдын ала дайындап қоямын)

Балалар топқа бөлініп, шығармашылық жұмыс жасайды.

Көп ұзамай Күлгін орман қайтадан құлпырып, бұрынғыдан да әдемі бола түседі. Бұлақ сыңғырлап ағып, құстар ән салады. Кейін орманда тәртіп бұзған қонақтар қайта келіп, өз қателіктерін түсінеді және Зеле ергежейліден кешірім сұрайды. Содан бері Күлгін орманға келген әрбір бала мен үлкен ең алдымен Зеле ергежейлінің экологиялық ережелерін оқып, табиғатты аялауды үйренетін болыпты.

-Зеле: Балалар сендерге көп рақмет! Күлгін орманды құтқаруға көмектестіңдер! Сендерге сыйлығым бар.

Қорытынды: Сұрақ-жауап: Ертегі бойынша «Қонақтар қандай қателік жіберді?», «Зеле ергежейлі неге ренжіді?» және «Біз табиғатты қалай қорғаймыз?»

Балаларды мадақтау: Эко-чемпион, Табиғат досы, Жерді қорғаушы төс белгісімен балаларды марапаттау.

Мауытова Бибигул Муслимовна
Тәрбиеші
“Қарлығаш” бөбекжай бақшасы
Атырау облысы Исатай ауданы Аққыстау ауылы



МЕКТЕПАЛДЫ ТОБЫНДА БЕС ДАҒДЫНЫ КІРІКТІРЕ ДАМЫТУ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТҰҒЫРЫ

Андатпа: Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен заманауи талаптарға сай, мектепалды тобы балаларының бес негізгі дағдысын (әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық, танымдық, қарым-қатынас/тілдік, шығармашылық) өзара кіріктіре отырып дамытудың жолдары мен тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Практикалық мысалдар келтіріліп, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тиімділігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: Мектепалды топ, бес дағды, кіріктірілген оқыту, әлеуметтік-эмоционалдық даму, танымдық белсенділік, тұлғалық қалыптасу.

Мектепалды жасы – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы ең маңызды әрі жауапты кезең. Бұл кезеңде баланың дүниетанымы кеңейіп, қоршаған ортаға деген көзқарасы мен танымдық белсенділігі қарқынды түрде дамиды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – балаға дайын білімді шектеп беру емес, оның өмірде қажет болатын іскерліктері мен дағдыларын жан-жақты қалыптастыру.

Осы орайда, балабақшаның мектепалды тобында бес негізгі дағдыны бір-бірінен бөлек емес, өзара тығыз кіріктіре отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру – жоғары нәтиже беретін озық әдістердің бірі.

1. Бес дағдының мазмұны мен педагогикалық мәні

Баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін бес басты дағды жүйесі төмендегідей қамтылады:

1. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар: Өз сезімін түсіну, басқалардың эмоциясын серік ету, топта тату жұмыс істеу, қоғамдық тәртіп пен ережелерді сақтау.
2. Физикалық дағдылар (Қозғалыс белсенділігі): Жалпы және ұсақ мотериканы дамыту, денсаулықты сақтау, кеңістікте бағдарлай білу, қимыл-қозғалыс координациясын арттыру.
3. Танымдық (когнитивтік) дағдылар: Логикалық ойлау, заттар мен құбылыстарды салыстыру, зерттеу, қарапайым математикалық есептерді шешу.
4. Қарым-қатынас және тілдік дағдылар: Ана тілінде еркін сөйлеу, сөздік қорын байыту, ойын жүйелі жеткізу, сұрақ қоя білу және тыңдай білу мәдениеті.
5. Шығармашылық және эстетикалық дағдылар: Бейнелеу өнері (сурет, мүсіндеу, жапсыру), музыкалық-ырғақтық қабілеттер және қиял мен креативті ойлауды дамыту.

2. Оқу үдерісінде дағдыларды кіріктіру жолдары (Практикалық мысал)

Бес дағдыны кіріктіру дегеніміз – кез келген оқу қызметін немесе күнделікті режимдік сәтті бірнеше бағытты ұштастыра отырып өткізу.

Мысалы, «Алтын күз» немесе «Төрт түлік мал» тақырыбындағы бір ғана ұйымдастырылған оқу қызметінде (ҰОҚ) бұл дағдылар қалай кіріктіріледі?

• Танымдық бағыт: Балалар күзгі жапырақтардың немесе жануарлардың ерекшеліктерін зерттейді, түсі, пішіні бойынша салыстырып, санайды.

• Тілдік бағыт: Тақырыпқа сай тақпақтар айтып, жұмбақ шешеді және өз ойларын толық сөйлеммен жеткізеді.

• Шығармашылық бағыт: Табиғи материалдардан немесе пластилиннен аппликация/мүсіндеу жұмыстарын жасап, эстетикалық талғамын көрсетеді.

• Физикалық бағыт: Қол жұмысы кезінде саусақ моторикасына арналған жаттығулар жасалып, сергіту сәтінде белсенді қозғалыс ұйымдастырылады.

• Әлеуметтік-эмоционалдық бағыт: Топта немесе жұпта бірлесіп жұмыс істеу арқылы өзара көмек көрсету, табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтары сіңіріледі.

Бұл әдіс баланың жалығып кетуіне жол бермейді, өйткені бала білімді жаттап қана қоймай, оны көреді, ұстайды, жасайды және сезінеді.

3. Кіріктірілген оқытудың күтілетін нәтижелері

Бес дағдыны тұтас жүйеде дамытудың нәтижесінде мектепалды тобының түлегі мынадай қасиеттерге ие болады:

• Мектепке психологиялық тұрғыдан толық дайын болып келеді (өзін ұстай біледі, ережеге бағынады);

• Өз бетінше шешім қабылдап, логикалық тұрғыдан ойлана алады;

• Тілдік қоры мол, қарым-қатынасқа түсуге кедергісі жоқ;

• Ұсақ моторикасының дамуына байланысты жазуға деген қолы машықтанған;

• Шығармашылық тұрғыдан ізденімпаз, өзіндік көзқарасы бар тұлға болып қалыптасады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мектепалды тобында бес дағдыны кіріктіру – балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды тетік. Заман талабына сай жан-жақты, бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу үшін осындай кешенді тәсілдерді әрбір педагог өз тәжірибесінде жүйелі түрде қолдануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

4. National Association for the Education of Young Children (NAEYC). Developmentally Appropriate Practice in Early Childhood Programs Serving Children from Birth Through Age 8. – Washington, DC: NAEYC, 2009.

5. UNICEF; The LEGO Foundation. Learning through Play: Strengthening Learning through Play in Early Childhood Education Programmes. – New York: UNICEF, 2018.

6. Vygotsky, L. S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. / Ed. by M. Cole, V. John-Steiner, S. Scribner, E. Souberman. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.

7. Bodrova, E., Leong, D. J. Tools of the Mind: The Vygotskian Approach to Early Childhood Education. 2nd ed. – Upper Saddle River, NJ: Pearson/Merrill Prentice Hall, 2007.

Онгарбекова Акмарал Ташмаханбетовна
Мектепалды даярлық сынып мұғалімі
"Еңбек аулындағы МДШО бар №22 орта мектеп" КММ
Талдықорған қаласы

«ОЙНАП ОТЫРЫП ОҚИМЫЗ»

Білім беру саласы	**Қатынас**
Пәні	**Сауат ашу негіздері**
Күні:	
Педагог:	А.Т. Онгарбекова
Тақырыбы	**«Ойнап отырып оқимыз»**
ҰІӘ мақсаты	1. Сөздерді буынға бөліп айту дағдыларын қалыптастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату. Ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру. ❖ Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды,буынға бөлуді дамыту.
Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:	АКТ. № 2 жұмыс дәптері. https://wordwall.net/ru/resource/77802693 https://wordwall.net/ru/resource/85626309 https://wordwall.net/ru/resource/84726643

Жоспарлау

ҰІӘ кезеңдері	**Педагогтың әрекеті**	**Баланың іс- әрекеті**
Ұйымдастыру	**Шаттық шеңбер** Күндей күлімдеп, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап, Судай таза көңілмен, Сабағымызды бастайық! -Балалар, бүгін біз қандай бала баламыз? **«Әдепті және тәртәпті»** «Қауіпсіздік ережесін де ұмытпайық»	Балалар өлең жолдарын жатқа айтады
Негізгі бөлім	«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. - Балалар, есімізге түсірейік - Дыбысты біз не істейміз?  - Әріпті біз не істейміз?  -Дыбыстар нешеге бөлінеді?  -Қандай?  -Дауысты дыбысттар қандай түспен білгіленеді?	Балалар жауап береді

	-Дауыссыз дыбыстарды ше?  ***ЕББҚ*** *ететін балаға тапсырма.* *Даусты, дауыссыз дыбыстарды ажырату.* -Дауысты дыбыс қалай айтылыды? -Дауыссыз дыбыс қалай айтылыды? -Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? -Дауссыз дыбыс нешеге бөлінеді? - Әріптен не құралады? - Буыннан не құралады? -Сөзден не құралады? -Сөйлемдерден не құралады? -Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде түрлі ойын-тапсырмалар орындаймыз. Сендер дайынсыңдар ма? **Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»** Дауысты және дауыссыз ыбыстар көрсетіледі, балалар дауысты дыбыс көрсетілсе қызыл белгіні көтереді. Ал дауыссыз дыбыс көрсетілсе көк белгіні көтереді. **Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады.** **Дидактикалық ойын: «Жасырылған сөз»** Цифрлы кітаптшаларды балалар таңдап ашады, көрсетілген әр түрлі суреттерді буынға бөліп айтады. **Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»** Көрсетілген қызықты суреттерді атап, буынға бөледі.	әндетіліп ауыз қуысында кедергіге ұшырайды Жуан, жіңішке Қатаң, ұяң, үнді Буын Сөз Сөйлем Әңгіме Балалар тиісті белгіні көтереді Балалар ойын шарты бойынша ойнайды
Сергіту сәті	**«Көр де қайтала»**	Сергіту сәтін орындайды.
Жұмыс дәптерімен жұмыс Қорытынды Бағалау	1.Суреттерді ата.Сөздерді буынға бөл.  **ЕББҚ** балаға тапсырма Көрсетілген буынды бөлуге дағдыландыру. **Топпен жұмыс** **1-топ 2-топ 3-топ**  • Біз не үйрендік? • Қай ойын ұнада? • Буыннан не құрауға болады екен? «Білім кіліті»	Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі Балалармен топтық жұмыс жүргізіледі Мен түсіндім барлығын. Менің сұрақтарым бар Маған қиын болды
Күтілетін нәтеже	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. Сөздерді буынға бөле алады. Өз ойын еркін айтады.	Балалар ойларын қорытындылайды. 

Кунчекеева Шолпан Гиноллаевна
Тәрбиеші
“Қарлығаш” бөбекжай бақшасы
Атырау облысы Исатай ауданы Аққыстау ауылы



ИНТЕРАКТИВТІ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР: БАЛАБАҚШАДА WORDWALL МЕН HEYZINE FLIPBOOKS СЕРВИСТЕРІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Білім берудегі цифрлық жаңашылдық

Қазіргі таңда қоғамның барлық саласында цифрлық технологиялардың маңызы артып келеді. Бұл өзгеріс білім беру жүйесіне де үлкен жаңашылдық әкелуде. Әсіресе мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту үдерісінде заманауи технологияларды тиімді пайдалану – балалардың танымдық қызығушылығын арттырудың маңызды жолдарының бірі.

Мектепке дейінгі кезең – баланың қоршаған ортаны танып, ойлау, есте сақтау, сөйлеу және шығармашылық қабілеттері қалыптасатын ерекше кезең. Сондықтан тәрбиеші оқу қызметін баланың жас ерекшелігіне сай, қызықты әрі түсінікті етіп ұйымдастыруы қажет.

Бүгінгі таңда дәстүрлі көрнекіліктермен қатар интерактивті цифрлық платформаларды қолдану тәрбиешінің әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Осындай пайдалы сервистердің бірі – Wordwall және Heyzine Flipbooks платформалары.

Wordwall – ойын арқылы оқыту мүмкіндігі

Wordwall – интерактивті дидактикалық ойындар мен тапсырмалар жасауға арналған онлайн платформа. Оның көмегімен балаларға арналған түрлі танымдық ойындар, сәйкестендіру, топтастыру, дұрыс жауапты таңдау, сөздерді табу және суреттерді орналастыру тапсырмаларын дайындауға болады.

Мысалы, «Жыл мезгілдері» тақырыбында балаларға жыл мезгілдерінің суреттерін тиісті атауларымен сәйкестендіру тапсырмасын ұсынуға болады. «Жануарлар әлемі» тақырыбында үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырату ойынын ұйымдастыруға болады. Ал «Жолда жүру ережелері» тақырыбында бағдаршамның түстерін ажырату, жол белгілерін тану және қауіпсіздік ережелеріне байланысты сұрақтарға жауап беру тапсырмаларын жасауға болады. Бұл платформа балалардың зейінін шоғырландыруға, есте сақтау қабілетін дамытуға, салыстыру және ажырату дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын түрінде берілген тапсырмалар балалардың оқу қызметіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Heyzine Flipbooks – электронды кітаптың жаңа мүмкіндігі

Heyzine Flipbooks – PDF форматындағы құжаттарды парақтары аударылатын электронды кітап түріне айналдыратын онлайн сервис. Бұл платформаны балабақшада тақырыптық электронды кітапшалар, танымдық альбомдар, ертегілер жинағы, суретті әңгімелер және көрнекі оқу материалдарын әзірлеу үшін пайдалануға болады.

Мысалы, «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында электронды кітапша жасап, оның беттеріне еліміздің рәміздерін, табиғатын, көрікті жерлерін және ұлттық құндылықтарын бейнелейтін суреттер орналастыруға болады.

«Табиғатты аялайық» тақырыбында табиғатты қорғау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау туралы суретті материалдар әзірлеуге болады.

Электронды кітапшаның ерекшелігі – балалардың назарын аударып, ақпаратты көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды. Тәрбиеші кітаптың әр бетін көрсетіп, балаларға сұрақтар қойып, әңгімелесу арқылы олардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыта алады.

Екі платформаны біріктіріп қолдану жолдары

Wordwall мен Heyzine Flipbooks платформаларын бір оқу қызметінде өзара байланыстырып қолдану да тиімді.

Мысалы, «Жолда жүру ережелері» тақырыбын қарастырайық. Алдымен тәрбиеші Heyzine Flipbooks арқылы дайындалған электронды кітапшаны балаларға таныстырады. Кітапшада бағдаршам, жол белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі туралы суреттер мен қысқаша мәліметтер беріледі.

Балалар жаңа ақпаратпен танысқаннан кейін Wordwall платформасында «Бағдаршамды таны», «Жол белгілерін тап», «Дұрыс па, бұрыс па?» атты интерактивті ойындарды орындайды. Осылайша балалар алдымен көрнекілік арқылы ақпарат алып, кейін ойын арқылы білімдерін бекітеді. Бұл әдіс оқу қызметін түрлендіріп, балалардың қызығушылығын арттыруға және алған білімін есте сақтауына көмектеседі.



1-сурет. Wordwall және Heyzine Flipbooks платформаларын балабақшада қолдану мүмкіндіктері

Цифрлық платформаларды қолданудағы тәрбиешінің рөлі


Цифрлық платформалар тәрбиешіні алмастырмайды, керісінше оның жұмысын толықтырып, оқу үдерісін қызықты ұйымдастыруға көмектеседі.

Тәрбиеші әрбір цифрлық тапсырманы баланың жас ерекшелігіне, оқу мақсатына және мүмкіндігіне қарай таңдауы керек. Сонымен қатар экран алдындағы уақытты шектеп, интерактивті жұмыстарды қимылды ойындармен, шығармашылық тапсырмалармен және балалардың өзара қарым-қатынасымен ұштастырғаны дұрыс.

Цифрлық технологияларды орынды қолдану арқылы балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілетін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға және оқу қызметіне белсенділігін арттыруға мүмкіндік туады.

Қорыта айтқанда, заманауи цифрлық платформалар – мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңаша ұйымдастырудың тиімді құралдарының бірі. Wordwall балаларға білімді ойын арқылы меңгеруге мүмкіндік берсе, Heyzine Flipbooks ақпаратты электронды кітап түрінде қызықты әрі көрнекі ұсынуға көмектеседі. Бүгінгі тәрбиеші үнемі ізденісте болып, заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруі қажет. Өйткені баланың қызығушылығын ояту, оның қабілетін дамыту және білімге деген құштарлығын арттыру – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі.

Аманғалиева Ақтілек Бейімбетқызы
Тәрбиеші
ИП "ISE" "Ақбота+" жеке балабақшасы
БҚО Орал қаласы Сарыарқа шағын ауданы



«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ» (БАУЫРСАҚ ЕРТЕГІСІ ЖЕЛІСІМЕН)

Ашық ҰІӘ тақырыбы

Жас тобы: Кіші топ (2–3 жас)

Білім беру салалары: Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта.

Мақсаты: Балаларды «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру арқылы ертегіге қызығушылығын арттыру, жануарларды тануға, түстерді ажыратуға,ойын арқылы ойлау және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Бауырсақтың түсін, пішінін ажырату
Жануарларды (қоян, аю, қасқыр, түлкі) тану
Қолдың ұсақ моторикасын дамыту
Қимылды ойындар арқылы сергіту
Мейірімділікке, бөлісе білуге тәрбиелеу

Құрал-жабдықтар:

Бауырсақтың дөңгелек пішіні (сары)
Үйшік суреті (жапсыруға)
Мөлдір пакет, бояу
Қоян суреті
Фетр, замок, қасқыр суреті
Музыка
Піскен бауырсақ

ҰІӘ барысы

Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

Шаттық шеңберіне тұрып алайық
Қайырлы таң алтын күн.
Қайырлы таң бақшамыз
Қайырлы таң достарым.
Балалар біздерге қонақтар келіп отыр екен қане амандасайықшы.

Саламатсыздарма

Қане жүрек жылуымызды жіберейікші

Балалар бізде бүгін ерекше күн.Біздің топта біреу жасырынып қалыпты ол кішкентай,домалақ сары.Қазір біз оны тапсырмалар арқылы табамыз.

1-тапсырма: «Жасырылған бауырсақты тап»

(Бауырсақ жасырылады)

Тәрбиеші:

– Бір нәрсе бізден жасырынып қалыпты.

– Кәне, тауып көрейік.

(Балалар бауырсақты табады)



Сұрақтар:

– Бұл не?

– Бауырсақтың түсі қандай?

– Пішіні қандай?

Жапсыру жұмысы: «Бауырсақты үйшікке орналастыр»

Тәрбиеші:

– Бауырсақ әжесі мен атасының үйінде тұрыпты.

– Кәне, бауырсақты үйшікке жапсырайық.

(Балалар жапсырады)



Ертегіні бастау

Тәрбиеші:

– Бір күні бауырсақ терезеде отырып, домалап кетіпті.

Домалап, домалап… жерге түсіп кетіпті.



2-тапсырма: «Қоянды табайық» (пакетпен бояу)
(Қоян суреті қағаздың астына жасырылады)
Тәрбиеші:
– Орманда бір досы жасырынған екен.
– Пакетті алақанмен сипап көрейік.
(Балалар бояуды жүргізеді)



Сұрақ: – Кім көрінді?
(Балалар: Қоян)



3-тапсырма: «Жануарды тап» (сергіту сәті арқылы)
Сергіту сәті: «Аю, аю, тұршы!»
Бетіңді жушы !
Шашыңды тарашы !
Айнаға қарашы !!
Тәрбиеші: – Біз қандай жануар туралы айттық

(Балалар: Аю 🐻)



4-тапсырма: «Қасқырды тап» (фетр + замок)



Тәрбиеші:

– Орманда тағы бір жануар жасырынып қалыпты.

– Оны табу үшін замокты ашу керек.

(Балалар замокты ашады)

– Бұл қандай жануар?

(Балалар: Қасқыр)





Қорытынды бөлім: Түлкінің келуі
(Түлкі кейіпкері кіреді, қолында піскен бауырсақ)
Түлкі:
– Сәлеметсіңдер ме, балалар!
– Мен сендерді ана жақтан бақылап тұрдым.
– Сендер бауырсақты өте жақсы қорғадыңдар.
– Мен бауырсақты жейтін болдым деп ойлаған шығарсыңдар?
– Жоқ, мен оны жемейтін болдым.
– Мен оны өздеріңе бөліп берейін деп алып келдім.
(Бауырсақты балаларға ұсынады)



Қорытынды
Тәрбиеші:
– Балалар, біз қандай ертегіге саяхат жасадық?
– Қандай жануарларды кездестірдік?
Қорытынды ой:
– Егер біз мейірімді, тату, бөлісетін болсақ,ертегі әрқашан жақсы аяқталады.
Балаларды мадақтау.



Байтолыкова Балнұр Ермекқызы
Тәрбиеші
“Қ. Аухадиев атындағы орта мектеп” КММ шағын орталық
Абай облысы, Көкпекті ауданы, Теректі ауылы

СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы сюжеттік-рөлдік ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Сюжеттік-рөлдік ойын баланың қоршаған әлеуметтік ортаны тануына, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсінуіне, өз ойын жеткізуіне, құрдастарымен бірлескен әрекет ұйымдастыруына және мінез-құлқын реттеуіне ықпал ететін маңызды іс-әрекет түрі ретінде сипатталады. Мақалада ойынның психологиялық-педагогикалық негіздері, әлеуметтік дағдыларды дамытудағы рөлі, ойын ортасын ұйымдастыру ерекшеліктері, тәрбиешінің педагогикалық қолдау тәсілдері талданады. Сонымен қатар «Отбасы», «Дәріхана», «Дүкен», «Аурухана», «Балабақша», «Құрылысшылар» сияқты сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастырудың әдістемелік үлгілері ұсынылады. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, ойынға ерікті қатысуын қамтамасыз ету, өзара келісімге келу, серіктесін тыңдау және бірлескен шешім қабылдау дағдыларын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: сюжеттік-рөлдік ойын, мектепке дейінгі тәрбие, әлеуметтік дағдылар, қарым-қатынас мәдениеті, ойын әрекеті, өзара әрекеттесу, ынтымақтастық, эмоциялық даму, тәрбиеші, дамытушы орта.

Кіріспе

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы, қоршаған ортаны тануы, адамдармен қарым-қатынас орнатуды үйренуі және әлеуметтік тәжірибе жинақтауы үшін маңызды кезең. Осы уақытта бала отбасындағы, балабақшадағы және күнделікті өмірдегі түрлі әлеуметтік қатынастарды бақылайды, ересектердің іс-әрекеттеріне еліктейді, құрдастарымен байланыс жасауға талпынады. Алайда әлеуметтік ортада өз орнын табу, басқа адамның пікірін тыңдау, ойын жеткізу, ортақ ережелерді сақтау және келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу дағдылары бірден қалыптаспайды. Олар жүйелі педагогикалық қолдауды, жағымды қарым-қатынас тәжірибесін және баланың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін әрекеттерді қажет етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы осындай мүмкіндіктердің бірі – сюжеттік-рөлдік ойын. Бұл ойын түрінде бала белгілі бір өмірлік жағдайды бейнелеп, өзіне таңдалған рөлге сәйкес әрекет етеді. Мысалы, «Отбасы» ойынында ана, әке, бала рөлдерін қабылдап, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын көрсетсе, «Дүкен» ойынында сатушы мен сатып алушы арасындағы диалогті меңгереді. «Аурухана» ойынында дәрігер, медбике және науқас рөлдері арқылы көмек көрсету, өтініш білдіру, алғыс айту сияқты қарым-қатынас үлгілерімен танысады. Осылайша ойын барысында бала күнделікті өмірде кездесетін әлеуметтік әрекеттерді қауіпсіз әрі қызықты жағдайда қайталап көреді.

Сюжеттік-рөлдік ойынның маңызы оның тек көңіл көтеру немесе уақыт өткізу қызметімен шектелмейтіндігінде. Ойын кезінде балалар бір-бірімен сөйлеседі, рөлдерді бөліседі, ойынның мазмұнын келіседі, белгілі бір ережелерді сақтайды және ортақ нәтижеге жетуге тырысады. Бұл әрекеттер әлеуметтік қарым-қатынастың негізгі құрамдас бөліктерін тәжірибе жүзінде меңгеруге жағдай жасайды. Бала өз қалауын білдірумен қатар, басқа баланың да ойы мен қызығушылығы бар екенін біртіндеп түсіне бастайды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру тәрбиеленушілерді әлеуметтендірумен, рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгертумен, айналасындағы адамдарға құрметпен қарау, эмоционалдық елгезектік пен жанашырлық таныту дағдыларын дамытумен байланысты қарастырылған. Стандартта балалардың сезімдерін тану, өзара мәнді қарым-қатынас орнату, командада жұмыс істеу, бастама мен дербестікті қолдау міндеттері де көрсетілген [1]. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда сюжеттік-рөлдік ойынның тәжірибелік әлеуеті жоғары.

Сюжеттік-рөлдік ойын – баланың қоршаған өмірден алған әсерлері мен әлеуметтік тәжірибесін ойын түрінде бейнелеуіне негізделген әрекет. Оның мазмұнына адамдардың күнделікті тұрмысы, еңбек әрекеті, қоғамдық орындардағы қарым-қатынасы, отбасы мүшелерінің міндеттері, түрлі мамандық иелерінің қызметі және әлеуметтік ортада қалыптасқан өзара байланыстар кіреді. Ойын барысында бала белгілі бір рөлді қабылдап қана қоймай, сол рөлге сәйкес әрекеттерді орындауға, басқа қатысушылармен байланыс орнатуға және ойынның ортақ мазмұнын сақтауға тырысады. Сондықтан сюжеттік-рөлдік ойын баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне мүмкіндік беретін күрделі педагогикалық құбылыс болып саналады.

Ойынның даму үдерісіндегі орнын түсіндіруде Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы маңызды орын алады. Ғалым баланың психикалық дамуы әлеуметтік ортамен, ересектермен және мәдени тәжірибені меңгерумен тығыз байланысты екенін қарастырған. Оның ойын туралы тұжырымдарында қиялдағы жағдай мен қабылданған рөл баланың әрекетіне белгілі бір мағына беріп, мінез-құлқын ойын ережесіне сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Мысалы, бала өзін дәрігер ретінде елестеткенде, науқасты тыңдау, оған көмектесу, дәрігердің әрекеттерін қайталау сияқты қимылдарды орындайды. Ол жай ғана ойыншықпен әрекет етпейді, белгілі бір әлеуметтік рөлдің мазмұнын түсінуге және оны орындауға талпынады.

Д.Б. Эльконинның ойын теориясында сюжеттік-рөлдік ойын баланың қоғамдық өмірге және ересектердің өзара қарым-қатынасына қызығушылығының көрінісі ретінде түсіндіріледі. Балалар ересектердің әрекетін сырттай бақылап қана қоймай, сол әрекетті ойын барысында өздері орындауға ұмтылады. Мәселен, «Дүкен» ойынында бала сатушының тауар ұсынатынын, сатып алушының қажетті затын сұрайтынын, адамдардың бір-бірімен сыпайы сөйлесетінін байқайды. Ойын барысында осы әрекеттерді қайталап, әлеуметтік қатынастардың қарапайым үлгілерін меңгереді. Бұл жерде баланың рөлді орындауы ғана емес, рөлдер арасындағы байланысты түсінуі де маңызды.

Сюжеттік-рөлдік ойынның әлеуметтік даму үшін маңызын қазіргі зерттеулер де қарастырады. 2024 жылы *Educational Psychology Review* журналында жарияланған метаталдауда 3–8 жастағы балаларға қатысты 34 эмпирикалық зерттеу нәтижелері жинақталған. Зерттеушілер қиялға негізделген ойын мен әлеуметтік құзыреттілік арасында жалпы оң байланыс бар екенін анықтаған. Сонымен қатар ойынның сапасы, яғни балалардың рөлді мазмұнды орындауы, өзара әрекеттесуі және ойын барысын келісуі маңызды факторлар ретінде көрсетілген. Авторлар бұл байланысты тікелей себеп-салдарлық қатынас деп түсіндіруге әлі жеткілікті дәлел жоқ екенін де атап өтеді [2]. Демек, сюжеттік-рөлдік ойын әлеуметтік дамуға қолайлы орта қалыптастырғанымен, оның нәтижесі ойынның ұйымдастырылуына, ересектердің қолдауына және балалардың жеке ерекшеліктеріне тәуелді.

Ойын әрекетінде баланың бірнеше психологиялық үдерісі қатар дамиды. Біріншіден, қиял мен ойлау белсенділігі артады: бала ойын жағдайын елестетіп, заттарды шартты түрде пайдаланады. Екіншіден, сөйлеу әрекеті жанданады: ол рөлін таныстырады, өтініш білдіреді, сұрақ қояды және жауап береді. Үшіншіден, эмоциялық реттеу дағдыларына алғашқы қадамдар жасалады: бала кезек күтуді, ойын ережесіне бағынуды, өз қалауын кейінге қалдыруды үйренеді. Төртіншіден, әлеуметтік қабылдау дамиды: бала серіктесінің әрекетіне назар аударып, оның ойын түсінуге талпынады.

Сюжеттік-рөлдік ойын баланың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылуы қажет. Кіші топта балалар көбіне қысқа әрі таныс сюжеттерді таңдап, ересектің көмегімен қарапайым рөлдік әрекеттерді орындайды. Ортаңғы топта рөлдер мен ойын жағдайлары күрделене бастайды, балалар бір-бірімен келісуге және диалог құруға көбірек мүмкіндік алады. Ересек топтарда ойынның мазмұны кеңейіп, бірнеше оқиға желісі біріктірілуі мүмкін. Сондықтан тәрбиеші барлық жаста бірдей күрделі ойын ұйымдастыруға тырыспай, балалардың тәжірибесі мен даму деңгейіне сәйкес мазмұн таңдауы тиіс.

Әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары – баланың басқа адамдармен байланыс орнатуына, өз ойын түсінікті жеткізуіне, өзгенің сөзін тыңдауына, бірлескен әрекетке қатысуына және әлеуметтік ортада қабылданған қарапайым ережелерді сақтауына мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы. Мектепке дейінгі жаста бұл дағдылар күнделікті тәжірибе арқылы біртіндеп қалыптасады. Бала оларды тек түсіндіруді тыңдау арқылы емес, нақты қарым-қатынас жағдайларына қатысу, әрекет жасап көру, қателесу және қайта әрекет ету арқылы меңгереді. Сюжеттік-рөлдік ойын осы тәжірибені табиғи әрі қызықты түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, ойын балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ойын басталу үшін балалар бір-біріне ұсыныс білдіруі, өз рөлін айтуы, қажетті заттарды сұрауы және серіктесінің жауабын тыңдауы керек. Мысалы, «Дүкен» ойынында бала: «Сәлеметсіз бе? Маған нан беріңізші», – деп өтініш білдіреді. Сатушы рөліндегі бала: «Тағы не аласыз?» немесе «Міне, алыңыз», – деп жауап береді. Мұндай диалогтер сөздік қорды толықтырып қана қоймай, тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік жағдайға сәйкес қолданылуын үйретеді. Бала өтініш айту, жауап беру, алғыс білдіру, қоштасу сияқты сөйлеу үлгілерін тәжірибеде қолданады.

Екінші маңызды дағды – өзара тыңдау және серіктесінің пікірін ескеру. Бірлескен ойын барысында әр баланың өз ойы мен ұсынысы болады. Бір бала дәрігер болғысы келсе, екіншісі де осы рөлді таңдауы мүмкін. Осындай жағдайда балаларға рөлдерді кезекпен орындау, қосымша кейіпкер енгізу немесе ойынның мазмұнын өзгерту жолдарын ұсынуға болады. Тәрбиеші олардың орнына шешім қабылдамай, келісімге келудің қарапайым үлгілерін көрсетуі қажет. Мысалы: «Алдымен сен дәрігер бол, кейін рөлді досыңа беруге болады» немесе «Екеуің де дәрігер болғыларың келсе, біреуің дәрігер, екіншің медбике бола аласыңдар» деген ұсыныстар балалардың өзара түсінісуіне көмектеседі.

Үшіншіден, сюжеттік-рөлдік ойын ынтымақтастық дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Бір ойынның нәтижелі болуы қатысушылардың бірлескен әрекетіне байланысты. «Құрылысшылар» ойынында балалар құрылыс материалдарын бөліседі, кімнің қандай міндет атқаратынын келіседі, бірінің жұмысын екіншісі жалғастырады. «Отбасы» ойынында үй жинау, дастарқан әзірлеу, қуыршаққа күтім жасау сияқты әрекеттерді өзара бөлісуі мүмкін. Осындай жағдайларда бала жеке әрекеттен ортақ әрекетке көшіп, басқа қатысушылардың көмегі мен үлесін бағалауға үйренеді.

Төртіншіден, ойын эмоциялық сауаттылықтың қалыптасуына мүмкіндік береді. Әртүрлі рөлдерді орындау кезінде балалар қуаныш, алаңдау, таңдану, ренжу сияқты эмоцияларды бейнелейді. Мысалы, «Аурухана» ойынында науқас рөліндегі бала өзінің ауырғанын айтады, ал дәрігер оған көмектесуге тырысады. Тәрбиеші «Науқас өзін қалай сезініп тұр?», «Оған қалай көмектесе аламыз?» деген сұрақтар арқылы балалардың өз сезімін және өзгенің жағдайын түсінуіне қолдау көрсетеді. Бұл әрекет баланың эмоцияларды ажырату және оларға сөзбен жауап беру тәжірибесін кеңейтеді. Дегенмен, мектепке дейінгі жаста жанашырлық пен эмоцияны реттеу дағдылары әлі қалыптасу үстінде болатынын ескерген жөн.

